



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №26 (9580) 28 маусым 2024 ж.

Өткен аптада Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде медицина саласы қызметкерлерінің күні аталып өтілді. Шара шымылдығын Гиппократ антына адал дәрігердің түрлі сынаққа толы қызметін арқау еткен бейнебаян түрді. Сан түрлі кедергілер туындағанмен соңында емделушінің алғаусыз алғысына бөленетін бейнебаяндағы дәрігердің тағдыры біздің де ақ халат жамылған жандардың күнделікті өмірін паш еткендей болды.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов қатысып, дәрігерлер қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өңіріміздегі медицина саласындағы оң өзгерістерді, жаңашылдықтарды тілге тиек еткен Алмас Ажарханұлы «Кез келген мемлекеттің ең басты міндеттерінің

РАХМЕТ САҒАН, ДӘРІГЕР!



бірі – ел азаматтарының денсаулығын сақтау, әл-ауқатын арттыру. Адамның ең басты байлығы – денсаулық! Адам денсаулығы жолында аянбай еңбек етіп жүрген аудандағы дәрігерлер мен мейірбикелер біздер үшін-мақтаныш, аудан үшін-мәртебе! Сіздерге шексіз алғысымды жеткізе отырып, бақытты өмір, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке – байлық

тілеймін», - деді. Еңбегімен еленген бір топ дәрігерді Алмас Ажарханұлы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс, аудан басшылықтарының құрмет грамотасы мен алғыс хаттарымен марапаттап, құрмет көрсетті.

Сондай-ақ, аталмыш салада ұзақ жылдар қажырлы еңбек

еткен Ахметова Гульзахан Ерсалимовна мен Рамазанова Калиябануға Сарқан ауданының "Құрметті азаматы" атағы салтанатты түрде табыс етілді.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, сахналық қойылым, мың бұралған би мен әуезді ән әуеледі. Салтанатты шара аясында шырқалған әуендегі «рахмет саған, дәрігер» деген жолдарды көңілі кемерінен асқан жұртшылық іштей қайталағаны сөзсіз.

Өз тілшіміз.



Спорт

Қос мереке құрметіне



Жуырда Мемлекеттік қызметші мен Полиция күні кәсіби мерекелеріне орай Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің стадионында спартакиада өткізілді. Аудандық бұқаралық – спорттық іс-шараларды өткізу орталығы ұйымдастырған шара салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту, ұжымдағы береке-бірлікті арттыруға бағытталды. Қатысушыларына жарқын көңіл күй сыйлаған шара аясында командалар көңілді сәре және стритбол спорттары бойынша күштілікті, ептілікті, жылдамдықты сынға салды.



Сайыс нәтижесінде көңілді сәреде аудандық орталық аурухананың командасы I орынды жеңіп алса, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері II орынға, Сарқан Политехникалық колледжінің ұжымы III орынға ие болды.

Ал стритбол сайысында Сарқан Политехникалық колледжінің ойыншыларына ешкім төтеп бере алмаса, аудандық полиция бөлімі командасы II орынды, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің командасы жүлделі III орынды иеленді. Жеңімпаздар кубокпен және медалмен марапатталды.

Өз тілшіміз.

«Amanat» партиясы аудандық филиалының конференциясы



Маусымның 24-інде Сарқан аудандық филиалының XI конференциясында Сарқан ауданы бойынша шілденің 21-інде өтетін Көктерек ауылдық округі әкімі сайлауына кандидат ұсынылды.

Конференцияда партия ардагері Жомарт Игіман Көктерек ауылдық округі әкімінің сайлауына Смағұлов Серік Құрманұлын үміткер ретінде ұсынып, Серік Құрманұлы конференция делегаттарын сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Конференция аталған кандидатураны бірауыздан мақұлдап, құжаттарын Көктерек округі сайлауына түсу үшін кандидатты тіркеуге аумақтық сайлау комиссиясына жолдады.

Конференцияда сондай-ақ өрттің алдын алу кезеңіне дайындық туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің есебі тыңдалып, мақұлданды.

Өз тілшіміз.

Ел тыныштығын күзеткен

Жуырда БАҚ өкілдері ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Сарқан» шекара бөліміне қарасты «Басқан» шекара бөлімшесіне барып, шекарашылардың бір күндік тыныс-тіршілігімен танысқан еді.

Аталған бөлімше сонау кеңестік кезеңде 1967 жылы құрылып, тарихы тереңге тартқан құрылымның бірі болып табылады. Мұнда офицерлер, келісімшарт бойынша қызмет ететін әскери қызметкерлермен қатар, мерзімдік қызмет етуге келген жас жауынгерлер шекара учаскесінің тыныштығын күн демей, түн демей күзетуде. Ежелден іргелес қонған Қытай халық республикасымен арадағы шекараның күзетінде тұрған бөлімшені аға лейтенант Әбдіхан Файзуллаұлы басқарады.

— Бөлімшенің негізгі қызметі — Қазақстан Республикасы шекарасының бұзылуын болдырмау және контрабандалық тауарлардың жолын кесу. Еліміздің бейбіт өмірін күзету барлығымызға ортақ міндет болғандықтан, біз өзіміздің міндеттерімізді жоғары деңгейде атқаруға барымызды саламыз, — дейді бөлімше бастығы Әбдіхан Серікбай.

Аталған бөлімшенің тыныс-тіршілігін әрі қарай «Сарқан» шекара бөлімінің басшысы, майор Бекзат Кеуенов өзі таныстырды.

— Жалпы қазіргі таңда әскерде қызмет етуге барлық жағдай жасалған. Мұнда жайлы казармалар, асхана секілді барлық қажетті дүниелер де қарастырылған. Сондай-ақ бөлімшеде әскерилермен қатар, қызметтік иттер мен жылқылар қызмет етеді. Олар заң бұзушыларды тез арада анықтап,

Елдің тыныштығы мен егемендікті сақтаудың, аумақтық тұтастықты және шекараның мызғымастығын, еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету — үлкен саяси міндет. Осы міндетті басшылыққа ала отырып, еліміздегі шекарашылар мемлекетіміздің тыныштығы мен тұтастығының жолында аянбай еңбек етіп келеді.

қолға түсіруге көп көмегін тигізіп келеді, — дейді бөлім басшысы.

Бекзат Тұрсынбекұлы шекарада қызмет ету оңай еместігін айтады. Күн мен түнге, ауа райының қолайсыздығына қарамай ел қорғанында тұратын азаматтар қашанда құрметке лайық екені рас.

— Шекараны күзетіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде біздің қызметтік

қатар қызмет етуде. Мұнда төрт аяқты шекарашылардың қызметі де бағаланады. Ол иттің қабілетіне байланысты болады. Мәселен, жақсы үйретілген жануар кемінде 2 сағаттық ізді алып, бірнеше шақырым сол ізді жоғалтпауы керек. Міне, осы секілді талаптарға байланысты қызметтік иттердің жұмысына баға беріледі. Алматы облысы Қараой ауылын-



жылқылар мен иттердің де тигізіп отырған септігі мол. Оларға арналып арнайы қоражайлар тұрғызылған. Жануарлардың күтімімен осындағы сарбаздардың өзі айналысады. Қазір мұнда иттер сарбаздармен

да орналасқан Шекара қызметінің кинология орталығында өсірілетін итерге қойылатын талап жоғары. Осындай ауыр қызметті мүлтіксіз атқарып жүрген иттер мен кинолог мамандардың жұмысы ауыр, — дейді



бөлім басшысы Бекзат Кеуенов.

Іс-шара аясында Екіаша ауылының әкімі Дәулет Дүйсембеков пен Теректі орта мектебінің директоры Майра Қалдыбаева шекарашылармен ынтымақтаса қызмет атқаратындықтарын айтса, бөлімшеде қолданылатын қару-жарақ, техникалардан көрме ұйымдастырылып, сарбаздар әрбіріне жеке-жеке тоқталды. Сонымен қатар кинологтардың қызметтік иттерімен мемлекеттік шекараны бұзушыны қолға түсіру барысы жаттығу арқылы да көрсетілді.

Жалпы «Басқан» бөлімшесінде өткізген бір күн ішінде шекара шебінде жүрген азаматтардың қызметі қаншалықты жауапты болса, соншалықты ауыр екеніне көз жеткіздік.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Ауылшаруашылығы

Жем-шөптен тапшылық болмайды

Қылышын сүйретіп келетін қыстан қысылып қалмаудың қамын ауылдағы шаруа жазда ойлайды. Жер аяғы кеңігеннен тыным таппай техникасын сайлап, мал азығын дайындауға аттанады. Олай етпеске шарасы да жоқ. Ірі шаруа қожалықтарын айтпағанда, қорасында бірді-екілі ірі қарасы бар ауылдағылар қысқы отыннан бөлек жем-шөпін дайындап алмаса, қыс қысқанда шаруасы да шатқаяқтайтыны бесенеден белгілі жәйт...

Жаздың бір күні — жылға азық. Дәл қазір саялы өңір шаруалары қысқы мал азығын даярлаудың қамына кірісті. Ауданда қазір шөп шабудың қызған шағы. Шаруалар күн-түн демей, бел жазбай жұмыс істеуде. Қажетті техника да жеткілікті.

Бүгінгі күнге дейін ауданның егістік алқабындағы 5687,6 гектар аумақты алып жатқан жоңышқаның 5500 гектары бірінші рет шабылып, орташа өнімділігі гектарына 24,2 центнерді құрап, барлығы 13750,7 тонна шөп жиналды.

Биыл төрт түлік мал азығынан тапшылық көрмейтін сыңайлы. Дала еңбеккерлерінің жем-шөп дайындау жолындағы қарқынды еңбектері соның нақты айғағындай. Жаздың аптап ыстығына шөпті қалдырмай, құрап кетпей шауып, оны жауын-шашынға жеткізбей тасып алу қыруар еңбекті қажет етеді. Қалай айтсақ та шабындықтағы шалғынды босқа ысырап етпеу және қалың шыққан шөптен кейінгі жылдарға қор жинап алу басты міндет болып отыр.

Болашақ өнімнің негізі қаланды

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметінше өңірде биыл 96 004,2 гектар алқапқа тұқым сіңірілді. Сарқандық диқандар 58 157,3 гектарға дәнді дақылдар сеуіп, күтіп-баптау үстінде. Атап айтқанда 15 949,7 гектарға күздік бидай, 31 046,1 гектарға жаздық арпа, 4873,2 гектарға жаздық бидай себіліп, болашақ өнімнің негізі қаланды. Сонымен қатар 5294,3 гектарға жүгері, 292 гектарға сұлы, 296 гектарға тары 26 гектарға қарақұмық, 10 гектарға нут, 370 гектарға сорго тұқымы себілді.

Ал майлы дақылдар егістік алқабының 19 973,8 гектарын алып жатыр. Жылдағыдай қытай бұршағынан, мақсарыдан, күнбағыстан өнім алып, пайдасын көрмекке құлшынған қожалықтар аз емес. Биылғы бір ерекшелік қант қызылшасының алқабы кеңейе түсті. Алдын ала мәлімет бойынша 2500 гектар алқапқа тәтті түбір себу жоспарланса, орындалғаны 2921 гектар. Егістік алқабының ауқымды бөлігін алып жатқан көпжылдық шөп, сүрлемдік жүгері дәрілік шөп, картоп, көкөніс, бақша дақылдары ертең қара жердің қайтарымын күткен диқандардың ырысын молайтатыны анық.

Бүгінгі күнге дейін ауыл шаруашылығы дақылдарының дені алғашқы рет суарылып, егістік көрген адамның көзін қуантып тұр.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Табиғат

Қызғалдақ күні

Еуразия даласында өмір сүрген қазақ халқы қызғалдақты қайта өрлеудің символы, жаңа өмір мен сұлулықтың бастауы деп санаған.

Гүлдің атауындағы «қызғалдақ» сөздің түбірінде «қыз» деген сөз бар. Гүлді әйелдер мен ерлерге қатар сыйлаған. Күн шыққанда гүл жапырақтарын ашады, ал күн батқанда жабады. Қызғалдақты бейнелейтін ашылу және жабылу элементтері көшпенділердің ұлттық билерінде жиі пайдаланылды. Дала гүлі түріндегі өрнектер әйелдердің зергерлік әшекейлеріне салынған, матаға кестеленген кестеде қолданылған. Кеңес дәуірінде әйелдерге бірнеше рет Қызғалдақ деген ат беріліп, ал ер адамдарды сирек атайтын. Әдемі гүлге деген құрмет пен сүйіспеншілік қазіргі уақытта да сақталып отыр. Бұл гүл тек әдемі ғана емес, сонымен қатар өзінің ескі тарихы бар екен, бір кездері ол тек табыну объектісі ғана емес, сондай-ақ махаббат символы болған. Еуропада қызғалдақтар әлі күнге дейін гүлдердің арасындағы бас патшасы болып табылады.

Қызғалдақ— бұл көп жылдық пиязшықты өсімдік, пиязшығы арқылы вегетативті көбейеді. Жабайы қызғалдақтар кейбір «әуесқойлардың» бейқамдығынан да жойылуы мүмкін, олар гүлдеген кезде пиязшықтарымен қоса жұлынады. Өсімдік үшін бұл толық жойылуды білдіреді. Қазақстанда барлығы жабайы қызғалдақтың 35 түрі өседі және іс жүзінде олардың жартысы сирек кездесетін және жойылып бара жатқан болып табылады (бұл түрдің 18 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген).

Қызғалдақтың пайда болу орталығы Орта Азия болып есептеледі. Оның көп бөлігі шөл, айнала тау жүйесі қоршап жатыр:ортасында - Копетдаг, Ауғанстан шекарасына дейін Памир-Алай таулары, оңтүстік шығысында -Тянь-Шань. Үндістанның солтүстігінде, Ауғанстанда, Кавказ тауларында, Сирия мен Ливан шекарасында, Қара, Каспий және Жерорта теңізі маңында жабайы қызғалдақ түрлері өсетін оқшау ошақтары белгілі. Қызғалдақтардың экологиялық ауқымы өте кең. Бір түрі сусыз құмды және тасты шөлдерде, гипсті және сазды топырақта өссе, басқалары аңғарларда немесе тау етегінде, шөгінді тастарда, аяқ жетпейтін құлама жарда, қиыршық толған жартас қыстарында, тау баурайымен теңіз деңгейінен 3000 м биіктікке дейін көтеріледі. Қызғалдақ өсімдігі ылғалды сүймейді.

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының қызметкерлері Екіаша, Аманбөктер, Тополевка ауылдарында орналасқан мектептерінде тақырыптық дәріс сабақтарын жүргізді. Дәріс барысында оқушылардың сұрақтарына толық жауап беріліп, назарларына қызықты фото- бейне мәліметтер көрсетіліп таныстырылды.

Басты мақсатымыз табиғат аясында, парк аумағындағы қызғалдақтың популяциясын сақтап қана емес көбейту болып табылады.

И.АЯЗОВ,

Сарқан филиалы Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде мемлекет басшысының саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда. Шынында да, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы - мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі. Осының негізінде азаматтар мемлекеттің қызметіне толықтай тәуелді, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Мемлекеттік қызметте қағаз бастылықтың көп болуына байланысты мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауында ең әуелі рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту керектігіне тоқталды. Электронды үкіметті дамыту, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру жөнінде тапсырма берген.

Осының арқасында бұрынғы уақытта аудан орталығына барып Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан алатын құжаттарды қазіргі таңда жергілікті әкімдікте, мектеп қабырғаларында, мемлекеттік коммуналдық мекемелерде орналасқан «өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштарынан» алуға болады. Және білген адам үйден шықпай-ақ Е-GOV порталы арқылы өзіне керекті құжаттар мен қызметтерді онлайн алу мүмкіндігі қалыптасты. Тек Е-GOV порталында ғана емес, мемлекеттік қызметтерді еліміздің банк қосымшаларынан да алуға мүмкіндік туды.

2023 жыл бойынша «Черкасск ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өзіне-өзі қызмет көрсету «Ашық әкімдік» арқылы жалпы 803 мемлекеттік қызметтер электрондық Үкімет порталы арқылы көрсетілді. 2024 жылғы жыл басынан 350 мемлекеттік қызметтер электрондық Үкімет порталы арқылы көрсетілді.

Округ бойынша «Е-лицензия» мемлекеттік дерекқоры арқылы жыл басынан 7 өтініш түсті, оның барлығы «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу мемлекеттік қызметі» болып табылады.

А. ЖҰМАШ,

Черкасск ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - БІЗГЕ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.



Жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз не?

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары: - көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі; - мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу; - мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық; - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі; - мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру; - мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

К.АНУАРБЕКОВА,

Лепсі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Мемлекеттік қызмет қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілік жүктейді. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Сондықтан олар өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда. Олар әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар олардың әдептілігі де маңызды. Себебі, әдептілік - мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік қызметшілердің өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз ету, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілікті және ресми мінез-құлық қағидаларын ұстану қажет. Өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің халықпен өзара қарым-қатынасының негізгі көрсеткіші - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдау, халықтың сұранысына бағдарлануына тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да, әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, өзге желі пайдаланушылармен сөйлесу кезінде сыпайылық танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттардың сақталуына жүйелі бақылау жүргізу, өз кезегінде мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының және қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуына мүмкіндік туғызады.

Әрбір мемлекеттік қызметші алдымен халыққа қызмет етеді. Осыны естен шығармау маңызды. Шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырамауға, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеуі керек.

Б. МАХАН,

Черкасск ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ТҰРУ ҚЫЗМЕТІ АЯСЫНДА

1. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) мемлекеттік қызметті көрсету www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш берушіден талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі: 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 2) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға; 3) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі. Азаматтардың аталған санаттарының жиынтық орташа айлық кірісі тұрғынжай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы он екі айда отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуға тиіс; 4) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатыныстары туралы" заңның 68-бабының 1-1), 1-2), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген отбасының әрбір мүшесі үшін тұрғын үй алуға өтініш бергенге дейін соңғы он екі айдағы жиынтық орташа айлық табысы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген коэффициенті мүгедектігі бар балаларға қолданылмайды; 5) мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға; 6) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар есепке қойылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын республикалық маңызы бар қалаларда, астанада есепке қою үшін кемінде үш жыл тұрақты тұруы талап етіледі. 7) Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды өкілдері жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру ұйымына, медициналық немесе басқа да ұйымға келіп түскен күннен бастап немесе осындай балаларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен не патронат тәрбиешімен шарт жасалған күннен бастап үш ай ішінде баланы тұрғын үй алу үшін жергілікті



атқарушы органда есепке қояды. 8) Жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған азаматтарды есепке алу осы тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

-Өтініш, жұмыс уақытынан тыс уақытта немесе мерекелік күндері келіп түскен жағдайда, қарау мерзімі бірінші жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған азаматтарға тұрғынжайы авариялық деп танылған елді мекеннен тыс жерде өтініш білдірген кезде, сондай-ақ, егер азаматтың соңғы бес жылдың ішінде өз тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы салдарынан мынадай жолдармен мұқтажға айналғаны:

-тұрғын үй-жайын ауыстырғаны;
-оның Қазақстан Республикасының белгілі бір елді мекенінде орналасуына қарамастан, өзіне меншік құқығымен тиесілі, тұру үшін жарамды тұрғын үйді, жергілікті атқарушы орган тұрғын үйді сатып алғаннан басқа жағдайларда, иелігінен шығаруы;

- тұрғын үйдің өз кінәсінен бұзылуы немесе бүлінуі;
- тұрғын кезінде оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж болмаған кезде тұрғын үйінен кетуі;

- жұбайынан, көмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балаларынан, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарынан басқа адамдарды тұрғызығаны анықталса.

И.ҚҰДАБАЕВ,
аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және үй инспекция бөлімінің бас маманы.

Парктегі өрттердің пайда болуының негізгі себептері - рұқсат етілмеген жерлерде ашық отты пайдалану, ақаулы электр сымдарының жануы, пайдаланылған газдардан жанғыш материалдардың жануы, саябақтарды жарықтандыру және жылыту ережелерін бұзу, майланған сұрту материалдарының өздігінен жануы, машиналардың электр тізбектеріндегі тұйықталу.

Парктің аумағы мен барлық үй-жайларын таза ұстау керек. Пайдаланылған сұрту материалдарын қақпақтары бар арнайы металл жәшіктерге жинайды және күн сайын саябақтан жинайды.

Тасымалданатын шамдар төмен кернеулі токпен қоректенуі тиіс, шлангілі сымы және қорғаныс торлары болуы тиіс.

Жылытқыштарды, дөнекерлеу шамдарын және ашық жалыны бар басқа да жабдықтарды пайдалана отырып, оларды қараусыз қалдыруға болмайды.

Электр сымдары автомобильде тұтанған кезде сымды аккумулятор ба-

тареясынан дереу ажыратып, бықсыған жерді дымқыл шүберекпен жабу керек.

Карбюраторда жанармай тұтанған кезде отты өрт сөндіргішпен сөндіру немесе брезентпен, капотпен немесе киіммен жабу, бұған дейін отын кранын жабу және айналымдар санын арттыру қажет.

Тұрақтарда қорек жүйесінде аққан автомобильдерді ұстауға, отын бактарын құюға, жанар-жағармай материалдарын (бактардағы машиналардан басқа) және бос ыдысты сақтауға тыйым салынады.

Керосинмен немесе бензинмен киім мен тыстарды тазалауға, сондай-ақ автомобильдерде майланған шүберектер мен арнайы киімдерді сақтауға тыйым салынады. Төгілген жанармай мен май-

ды дереу алып тастау керек, ол үшін құм немесе үгінділер қолданылады. Парк аумағында темекі шегу үшін арнайы орындар жабдықталады, онда су құйылған құдықтар мен құм салынған жәшіктер орнатылады.

Өрт болған жағдайда автокөліктерді тез шығару үшін олардың арасында әрқашан өту жолдары қалдырылады; қақпалар мен өту жолдары үйілмеуі тиіс.

Бұдан басқа, өрт болған жағдайда автомобильдерді дереу шығару үшін күн сайын арнайы арқандары бар кезекші тартқыштар мен жеке құрамның нарядтары бөлінеді. Автомобильдерді эвакуациялауға арналған тростар тұрақ орындарында да ұсталады.

Парктің барлық элементтері өртке қарсы құрал-саймандары бар қалқандармен: өрт сөндіргіштермен, шектермен, күректермен, баграмдармен, киркалармен, киізбен немесе брезентпен жабдықталады. Киіздің (брезенттің) бөліктері кептіріліп, пакетке оралып, жіппен байланған болуы керек. Өр қалқанның жанында құрғақ құм салынған қорап орнатылады.

Барлық өрт сөндіру жабдығы ашық қызыл түске боялады; құралдың металл (жұмыс) бөліктері қара лакпен боялады. Өрт сөндіру құралдарын басқа мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Өртті сөндіру үшін көбік немесе көмірқышқыл газы өрт сөндіргіштер қолданылады. Орманда және қазақ дала-сында өрт болдырмайық!

Н.ТӨЛЕУХАН,
Сарқан филиалы Аманбөктер
орманшылығының мемлекеттік
инспекторы.

Сиверс алма ағашын қорғау және молықтыру

Алма дақылы бұдан мыңдаған ғасыр бұрын Жоңғар Алатауы бөктерінде өсетін жабайы алмадан бастау алғанын есімі әлемге әйгілі болған академик А. Жанғалиев ағамыз бүкіл дүние жүзіне мойындатты. Жабайы алмалардың ішінде Сиверс алмасының алатын орны ерекше. Бұл алманың ерекшелігі, тамыр жүйесі күшті дамыған, аурулар мен зиянкестерге өте төзімді. Сиверс алмасын телітуші ретінде пайдаланып алынған алманың мәдени сорттарының Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарының қолайсыз жағдайларына төзімділігі күшті болатындығы Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы ғалымдарының зерттеулерімен дәлелденді. Дендробақта кезінде 8 гектар жерге академик А. Жанғалиев салып кеткен Сиверс алмасының 21 сорт-клондарының елімізде жалғыз коллекциясы сақталған. Жылда осы бақтан Сиверс алмасының тұқымдары жиналып, тұқымдық телітушілер питомнигі егіледі. Оған Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында пайдалануға рұқсат етілген алма сорттары ұластырылып, жылына 30-40 мың алма көшеттері өсіріліп, сатылады.

Көпжылдық зерттеулер нәтижесі мен өндірістік тәжірибеге сүйене отырып Сиверс алмасының табиғи әлеуетін пайдаланып, бақ шаруашылығын тау бөктерлерінде орналасқан жайылымға ғана жарайды деген алқаптарда заманауи технологияларды пайдаланып «неге дамытпасақ» деген тұжырымға келіп, ғылыми жобамыздың бірінші бағыты ретінде қабылдадық. Өйткені ғылыми әдебиеттердегі, бұқаралық ақпарат деректеріне сараптама жасасақ Сиверс алмасының табиғи, негізгі өсу ортасы таулы, тау бөктерінің аймақтары. Оған қандай мүмкіншіліктер бар?

Мысалы, Алматы облысына қарасты 22

358 422 гектар жер алқабының 16 363 210 гектар ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлер санатына жатады. Ал оның тек 1 094 246 гектарында егістік дақылдар өсіріледі. Қалған 14,7 миллион гектары жайылым болып саналады. Осы жерлердің ішіндегі жер бедері тегіс емес төбелі, сайлы тау бөктерінде орналасқан алқаптардың 10 пайызын қолданысқа енгізсе қанша жер игеріледі, қосымша қанша жеміс өнімдерін жинауға болар еді. Бұған Жамбыл, Түркістан облыстарындағы мүмкіншіліктерді қоссақ, нәтиже еселене түсетіндігінде еш күмән жоқ. Бұл жерлерге арпа, бидай, жүгері сияқты егістік дақылдарын егуге келмейді. Тіпті, тамыр жүйесі жерге таяз бойлайтын интенсивтік бақтарға арналған жеміс ағаштары да жел өтіне, еңіс беткейлердің жылжымалылығына және басқа да қолайсыз жағдайларға төтеп бере алмайды. Осындай жер телімдерін иеленіп, бірақ қолданысқа енгізе алмай отырған шаруа қожалықтары Сиверс алмасының табиғи әлеуетін пайдаланып бақ шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндіктері бар.

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының қызметкерлері де Сиверс алма ағашын қорғап қалу мақсатында орман алқаптарында молықтыру жұмыстарын атқарады. Мысал ретінде 2024 жылы көктем айларында 6 гектар жер көлеміне 19998 дана Сиверс алмасының көшеттері егіліп, 6 га жер көлеміне толықтыру жұмыстары жасалды. Толықтыру барысында 3150 дана Сиверс алмасының көшеттері егілді.

Біздің басты міндетіміз, табиғат сақшылары ретінде «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ байлықтарын қорғап молайтып сақтап қалу.

Ж.СЫДЫҚОВ,
Сарқан филиалының орман шебері.

Күн күні

Күннің Жер планетасына ең жақын жұлдыз екенін, ал басқалары миллиондаған есе алыс екенін мектеп кезінен-ақ біледі. Мысалы, Альфа Центаври жүйесінен ең жақын аспан нысаны - Проксима, бірақ ол өте үлкен қашықтықта (4,22 жарық жылы) орналасқан.

Жердегі тіршілік Күнсіз мүмкін емес. Бұл мәлімдеме даусыз, өйткені дәл осы ең үлкен жұлдыз жылу мен жарықтың алмастырылмайтын көзі болып табылатын қуатты ғарыштық энергияны шығарады. Жер бетінде осы екі компонент болмаса, бәрі жойылады, флора мен фауна жойылу алдында болады. Сонымен қатар, Күн біздің планетамыздың атмосферасының ең маңызды қасиеттерін қалыптастыруға жауапты. Дәрекі сөзбен айтқанда, экология осы жұлдызға тікелей байланысты, өйткені онсыз тіпті ауа да болмас еді, онсыз Жерде тіршілік мүмкін емес. Ауа мұздатылған теңіздердің, мұхиттардың және мұз басқан құрлықтың айналасында

сұйық азот мұхитына айналады.

Күн күнінің тарихы басқалардың назарын жаңартылатын энергия көздеріне аудару мақсатында 1994 жылы Халықаралық күн энергиясы қоғамының еуропалық бөлімі алғаш рет өткізген шарадан басталады. Бұл күн жыл сайын 3 мамырда тойланады. Мерекенің мәні кез келген мүдделі адамдар, ұйымдар мен компаниялар бүкіл Еуропада немесе тіпті бүкіл әлемде әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырады, оның мақсаты адамдарға Күннің мүмкіндіктерін және оның энергиясын көрсету болып табылады.

Күн көзінің арқасында «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ аумағында көптеген эндемикалық өсімдіктер өседі (яғни тек Жетісу тауларына тән өсімдіктер). Жаңа шыққан күнді көрген бір ғанибет, жаңа ашылған гүлді көрген бір ғанибет. Өр ашылған гүлімізді, әр көгерген ну орманымызды күннің қарашығындай сақтап қорғау орманшылардың міндеті,

Ш. ДОСАНАМАНОВ,
Сарқан филиалы Басқан
орманшылығының мемлекеттік
инспекторы.

Халықаралық Жер күні

Халықаралық Жер күні 2009 жылдың 22 сәуірі күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 63-інші сессиясында бекітілді.

Халықаралық Жер күні 2010 жылдың 22 сәуірінен бастап жыл сайын аталып өтеді. Бас Ассамблеяның 63-інші сессиясының төрағасы Мигель д'Эското Брокманның атап өтуінше, қарарда Халықаралық бұл күннің жария етілуі Жер мен оның экожүйесі адамзатқа өмірді қамтамасыз ететін біздің ортақ үйіміз екенін мойындау, сондай-ақ 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі конференциясында қабылданған міндеттемелерді растау болып табылады.

Қарарда сондай-ақ «Жер-Ана» термині көптеген елдерде қабылданғанын және ол ғаламшардың, оның экожүйесі мен адамның арасындағы тәуелділікті көрсетеді. Жер күнін атап өту дәстүрі 1970 жылы АҚШ-та пайда болды, ал 1990 жылы бұл дата халықаралық акцияға айналды. Ал 2010 жылдан бері «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ аумағында да өткізіп келеді.

Осыған орай Сарқан филиалының қызметкерлері Екіаша, Аманбөктер, Тополевка ауылдарындағы мектептерінің оқушыларымен бірлесіп ағаш көшеттерін егу жұмыстарын жүргізді. Аталмыш шара барысында жалпы 350 дана Шренк шыршасының көшеттері, 500 дана кәдімгі қарағай көшеттері Тополевка орманшылығында орналасқан мектепшеге егілді.

Біздің басты міндетіміз, табиғат сақшылары ретінде «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ байлықтарын қорғап молайтып сақтап қалу мен қатар көгалдандыру жұмыстарын да алып жүруіміз қажет. Орман ағашы ел тынысы. Орман ағашы жер тынысы!

А. ТУРЫСБЕКОВА,
Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.



Экологиялық білім беру күні

Экологиялық білім күні - бұл өте маңызды күн деп есептеледі. Қоршаған ортаға, экологияға қатынасымыз білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Алдымызда қоршаған ортаны қорғау саласындағы білім беруді жетілдіріп, ғаламшарымыздың тұрақты дамуын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Ағартушылық жұмыс азаматтарымыздың, өскелең ұрпақтың жауапкершілігін күшейтіп, актуалды экологиялық проблемаларға назар аударуға мүмкіндік береді.

Бүгінде елімізде экология мәселелерін шешу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жаңа Экологиялық кодекс қабылданды, төменкөміртекті даму Тұжырымдамасы дайындалуда, Ұлттық парктерде экологиялық туризмді дамыту Тұжырымдамалары әзірленді, өңірлердегі экологиялық мәселелерді шешуге негізделген Жол карталары жұмыс істеп тұр. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы азаматтарымызды ақпараттандыру да өте маңызды, себебі жоспарларымызды біз қоғамның қатысуынсыз сәтті жүзеге асыра алмаймыз.

Осы тақырыпта Жоңғар Алатауы МҰТП РММ Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторлық құрамы ұдайы түрде табиғат анамызды сақтауға бағытталған мектеп оқушылары арасында үгіт-насихат, дәріс сабақтарын өткізеді.

Р.ЕСПОЛОВ,
Сарқан филиалы Тополевка орманшылығының мемлекеттік инспекторы.



Ветеринария адамзатты емдейді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес ветеринария саласындағы негізгі міндеттер:

1) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;

2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;

3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

5) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;

6) жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қарсы күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану;

7) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;

8) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

Ветеринария саласындағы мемлекеттік саясат: 1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өндіру, сақтау және өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға; 2) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғауға; 3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың және қадағалаудың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге; 4) індет жағдайын объективті түрде бағалауды және ветеринария саласындағы халықаралық нормаларды, Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын ескере отырып, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, нормаларды және ветеринариялық нормативтерді ғылыми негізде әзірлеуге; 5) ғылыми негіздемесі болған жағдайда, ветеринариялық іс-шаралар өткізудің халықаралық ұсыныстарда көзделгеннен анағұрлым жоғары деңгейіне жетуге; 6) ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өткізуде негізсіз шектеулерге жол бермеуге, ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге; 7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан

алынатын өнімдер мен шикізаттың, жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының ветеринария жүйесіне: 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі; 1-1) уәкілетті орган; 2) мемлекеттік органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері; 3) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкес құрылатын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар; 4) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кіреді.

Ауданның ветеринариялық қызметін негізінен үш мекеме атқаруда. Олардың атқаратын қызметі Заңмен бекітілген.

Аудандық ветеринариялық станциясы – жеке және заңды тұлғалардағы ауыл шаруашылық жануарларын бюджеттік бағдарлама аясында аса қауіпті ауруларға егу, диагностикалық тексеру жүргізу, жергілікті жерге тән (энзоотия) қарсы егу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (сырғалау, чиптау, таңбалау), дерекқор базасын қалыптастыру және жүргізу, сұраныс болған жағдайда олардан үзінді-көшірме беру, Қазақстан Республикасы аумағында №1,2,3 нысандағы ветеринариялық анықтамалар рәсімдеу, келісім-шарт негізінде жұқпалы емес инвазиялық ауруларға емдік шаралар, мал иелерімен ақылы түрде қора-жайларға залалсыздандыру (дезинфекция) жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Аудандық ветеринариялық зертханасы – ауданның ветеринариялық пункт мамандарынан (орындаушылар) тексеруге жеткізілген сынамаларды қабылдап, тексеріп, сараптау қорытындысын беру қызметімен айналысады.

ҚР АШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық аумақтық инспекциясы, ҚР АШМ ВБЖҚ Жетісу облыстық аумақтық инспекциясының құрылымдық бөлімшесі болып саналады.

Мекеме: 1) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі қызметіне; 2) бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттарды, олардың республикалық қорын қоса алғанда, бөлуді және оларды сақтауға, тасымалдау (жеткізу) мен пайдалануына; 3) аудан аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың жүзеге асырылуына; 4) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринариялық есеп пен есептілік жүргізу және оларды табыс етуіне; 5) ветеринариялық іс-шаралардың ұйымдастырылуына



және орындалуына; 6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің қызметіне; 7) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірудің ұйымдастырылуын және өткізілуін, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін және ондағы ақпараттың жаңартылып отырылуына; 8) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды көздейді.

Кейінгі жылдары ветеринария саласында жүйелі түрде жүргізіліп отырған реформа арқасында оң өзгерістер байқалуда. Олай дейтініміз округтердің ветеринария мамандары арнайы «Нива» автокөлігімен, қажетті құрал-саймандармен және арнайы киімдермен, орг.техникалармен қамтамасыз етіле бастады. Залалсыздандыру жүргізуге арналған арнайы қондырғылар, мал өлекселерін өртейтін пеш, вакциналарды сақтайтын өндірістік тоңазытқышпен, округтерге 2-3 тоңазытқыш бөлінді. Еңбекақы мөлшері де жылма-жыл өсіп келеді.

Ауданда ветеринария саласында бұрынғы қызмет атқарған мамандар (қазірде зейнеткерлер) мен жаңадан жұмысқа орналасқан мамандар арасында тығыз байланыс қалыптасқан. Олай дейтініміз, ауданның ветеринария басқармасы, кейіннен, инспекцияны басқарған Қанат Маманбаев, мемлекеттік вет-сан инспекторлар Жансерік Сәрсенбаев, Серік Тұрысбеков, округтің ветеринариялық пунктінде қызмет атқарған ерлі-зайыпты Бексултан Нусипов және Айсұлу Нүсипова мамандықтың қыр-сырын жас буынға дәріптеуден еш жалыққан емес. Ветеринария саласына Үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың арқасында осы салаға арнайы оқу орынын бітіріп келген ветеринар мамандар тұрақтана бастады. Салаға тез бейімделіп, оқу орынында алған теориялық білімін нақты жағдаймен ұштастыруда. Қызмет барысында жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген мамандар да аз емес. Олар: Черкасск ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Әнуар Кенжетеев, Қойлық ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Медет Тентекматаев, Лепсі ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Максат Екижанов, Қарашыған

ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Мұхтар Тойшыбеков, Екіаша ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Серік Байғанышев. Жыл басынан осы жұмысқа орналасқан Қарабөгет ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Алишер Нуртаев жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра біліп, округтің эпизоотиялық жағдайын қалыпты жағдайда ұстауға күш салуда. Бүгінгі күнде Сарқан қаласындағы политехникалық колледжінде ветеринария мамандарын дайындайтын топ ашылып, 25 студент білім алуда. Бұл да ветеринария саласындағы кадр тапшылығын шешудің бірден-бір жолы. Осы оқу орынынан теориялық білім алған студенттер теориялық білімін нақтылау, дамыту мақсатында тәлімгер мен шәкірт арасында байланыс орнатылған. Тәлімгер ретінде ауданда ветеринариялық қызмет атқарып жүрген білікті мамандар тәжірибесімен тұрақты бөлісуде.

Ветеринария саласына жас мамандардың жұмысқа орналасу үрдісі кең көлемде орын алуда. Қазіргі кезде, жоғарғы оқу орынын үздік бітірген жас мамандар мемлекеттік қызметке арнайы тәжірибесіз орналасуға мүмкіндік берілген. Жас мамандарға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 1-реттік көтермеақы, жергілікті бюджеттен баспана алуға несие беріледі.

Ауылда тұратын ағайынның тұрмыс жағдайының, әл-ауқатының, көңіл-күйінің ауаны қолындағы малына байланысты екені бесенеден белгілі. Сондықтан да қазақ бірінші амандық саулықты ежелден «мал жан аман ба» деп бастаған. Осы орайда, «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген ұғым бекер айтылмаған сияқты.

Құрметті әріптестер! Келе жатқан «Ветеринария күніне» орай ауданның барша ветеринария мамандарын кәсіптік мерекесімен құттықтаймыз. Еңбектеріңізге табыс, жанұяларыңызға береке-бірлік тілейміз, ауданның эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуде аянбай еңбек етеді деген ойдамыз. Мереке құтты болсын!

**А.ТОЛЕГЕНОВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық
бақылау және қадағалау
комитетінің Сарқан аудандық
аумақтық инспекциясының
бас маманы.**

Төлегетайдың басты бағасы - оның хандармен бірге қазақ халқының іргесін бекітіп, ұлт болып ұйысуына қосқан үлесінде. Ол Арқа мен Сырдың арасында көшіп жүретін жұрттың Қазақ хандығы құрылған тұста осы өңірге тұрақтануына белсенді еңбек сіңірген. Өзі Өзгентті басқарып тұрған кезеңде өңірге аса беделді Қылышты атамен араласқан. Бабаның Қылышты аталуы оның тек дін ісімен отырмағандығын айтып тұрғандай. Бұл кісі де ел билігіне, жерін жаудан қорғау ісіне барынша ықпал еткен, сермеген қылышының астында дұшпанының басы қалған батыр болған. Қылышты бабаның діни тұрғыдан сауаты терең, аса көп білетіндігі көрінеді. Төлегетайдың оны ұстаз деп атауының өзі де осыған дәлел. Алайда Қылышты: «Мен өлгесін Төлегетайдың жанына жерлендер. Біздің мәңгілік мекенімізге келушілер болса, әуелі Төлегетайға зиярат ететіндей болсын», - деп өсиет қалдырған.

Енді Жаңақорған жеріндегі қос баба кесенесі қалай жаңғыртылды, осы туралы айтпақпын. 2001 жылдың аяқ жағында мені Дәлелхан Сабуров деген азамат іздеп келді. Ол Ішкі істер министрлігіне қарасты әскери тергеу департаментінің бастығы екен. Ол кісінің білмек болып жүргені Төлегетай жайы.

- Төлегетайды білесіз бе? - деді ол амандасып, біліскен соң.

- Білемін. Зираты Жаңақорған жерінде.

- Сонда барып қайтайық, - деді Дәкен.

Дереу жолға жиналып, Жаңақорған ауданындағы Өбдіғалппар ауылына жеттік. Бұл - Төлегетай жатқан қорымға 7-8 шақырым жер, ең жақын елді мекен. Жанымызға аудан әкімдігінде қызмет ететін баба ұрпағы Батырбек Ысқақовты ертіп алдық. Ол баба туралы ел аузындағы әңгімелерді жетік білетін болып шықты. 1980 жылы Қылышты бабаның ұрпағы, елге белгілі Есқожа деген кісі, осы Батырбектің әкесі қос әулиеге арнап кесене тұрғызған. Бұл кезде кесектен салынған ежелгі кесенелер тозығы жетіп тұр екен.

Әулиелер басына зиярат етіп, біраз әңгіменің тиегін ағытып, болашақта әулиелерге арнап үлкен ас беру жайын қозғап қайттық. Өзімізбен бірге телеоператор ала барғанбыз. Ол біздің осы шағын сапарымызды таспаға түсірді. 2002 жылдың басында мен Дәлелханның шақыруымен Астанаға бардым. Қасына жиырма шақты тілеулес жігіттерді жинап қойыпты. Әңгіме төркіні - бабалар аруағына ас беру. Сол жерде былтырғы таспа жазуы көрсетіліп, Дәкен әлгі жігіттерді аталар алдындағы парызын өтеуге шақырды.

Ауылға келгесін бірі басшы, бірі қосшы болуға жарайтын біраз ағайынды үйге шақырып, Астанаға барып келгенімді айттым. Негізгі көтерілген мәселені олар да тегіс құптады. Сөйтіп, бұл істің сәті сол жылдың 14 желтоқсанында орайласты. Сол жерде болашақта кесене тұрғызу, ол үшін Төлегетай қорын құру мәселесі сөз болды.

Қор құрамыз, оны сіз басқарасыз, - деді Дәлелхан маған.

- Мені көп адам білмейді. Мұндай үлкен іске жалпы халық танитын, Алматыға, Астанаға белгілі кісілердің бірі болғаны мақұл, - деп мен алғашында келісе қоймадым. Сол жерде бұған дейін Семейде «Төлегетай ұрпақтары» дейтін қордың болғанын, бірақ оның кесене тұрғызуға қауқары келмей жүргені айтылды. Бұл қорды ұстайтын қолдың мықты болуы керек. Атқарылар істің ауқымы кең.

Қысқасы, көпшілік қордың президенті деп ақыры мені сайлады. Сөйтіп, «Халық банкіден» «Төлегетай қоғамдық қоры» деген есеп-шот аштық. Көп ұзамай Түркістанда тағы бір басқосу

Баба аруағына тағзым

Сыр өңіріндегі Жаңақорған жерінде 2008 жылдың күзінде бой көтерген Төлегетай мен Қылышты баба кесенесі үлкен еңбекпен біткен архитектуралық кешен болып орындалды. Зиярат орнына келушілер әуелі Төлегетай кесенесіне кіріп тағзым етеді. Қылышты баба кесенесі одан кейінірек тұр. Мұны мол қаражат жұмсап, оның ұрпақтары салғандықтан осылай жасаған дейтін жаңсақ түсінік тумауы керек. Бабалар өсиетін білмейтіндер солай ойлауы мүмкін. Жалпы, бұл екі баба кім болған, олардың алты ғасырдан бері халық жадынан жоғалмай, еліміз тәуелсіздік алған тұста қайта жаңғыруында қандай ақиқат жатыр? Осы сұраққа аз да болса жауап беріп өтейік.



өткіздік. Жиынның күн тәртібінде екі мәселе қарастырдық. Біріншісі - эскизді бекіту, екіншісі қорға қаржы түсіруді үйлестіретін әр аймақ өкілін бекіту. Сонымен Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков жасаған эскиз алынды. Баба ұрпақтары тұратын жеті облыстан қорға ақша түсіруге жауапты кісілердің аты аталды. Бір қарағанда, жұмыс басталып кеткен сияқты болды. Бірақ қорға ақша түскен жоқ. Енді мен Астанаға тағы келдім. Дәлелхан бастаған біраз жігіттер жиналды. Жиналғандарға мән-жайды түсіндірдім. Олар мұнан әрі Өскемен мен Семейге барып келгенімді қалады. Ол жаққа барып, біраз кісілермен сөйлестім. Бірақ одан пәлендей нәтиже шықпады. Сосын Астанаға қайта барып, Дәлелхан бастаған жігіттерге болған жайды жеткіздім. Сол жерден Алматыға аттандым. Мұнда да сөзіміз жеткен жерден ағайынға сауын айтып, жиынға шақырдық. Маған Астанадан белгілі цирк әртісі Балтабек Жұмағұлов еріп келген еді. Жиынды сол ұйымдастырды. Біраз кісіні білетіні, беделінің бар екені байқалды. Жиынға Алаштың атақты ұлы Дәулет Тұрлыхановтың анасы Мәрзия қарындасымыз, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов, әнші Майра Илиясова, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішова, тағы басқа көптеген ағайын қатысты. Мен сөз сөйлеп, сапарлап жүрген жайымды, Төлегетай жөнінде білген мағлұматтарымды айттым. Мұндағылар қорға қаражат түсіру жайына шұғыл атсалысамыз деп сендірді.

2005 жылы 12 сәуірде Жаңақорғанда

шешуші басқосу болды. Жобаны қабылдадық. Қорға қаржы жинау әрекетіне кірістік. Онан бөлек тілекші ағайын өз қолынан келген көмектерін құрылыс басына апарып беріп жатты. Бұл істе қызылордалық Сабыр Арыстанбаев, Сәдібек Балтабайұлы, Біртай Бижанов, Өбдіманап Шорабаев, Сара Есболғанова, Әмірекұл Жылқайдаров, басқа да азаматтар беззаттық, белсенділік танытты. Олардан басқа алматылық Бауыржан Оспанов, «Матай» корпорациясының президенті Жанат Дүзбаев, өскемендік кәсіпкер Қайрат Мусин, түркістандық Өбдіғалппар Шаймарданов секілді көңілі жомарт, қолы ашық жігіттер көп жәрдем жасады. Дәмін ұсынып, армансыз әңгіме-дүкен құрдық. Төлегетай бабаның басына барып зиярат етіп қайттық. Сол кезде бейіт басында тұрып, Қасым Қайсенов ағамыз қатты тебіренді.

Осы кезде бір қызық оқиға болды. Алматылық бизнесмен Ержан Артықбаев пен Асқар Құсайынов деген екі жігіт келіп:

- Аға, кесене құрылысын түгел бізге беріңіз. Сіздер бір тиын ақша шығын қылмаңыздар, бәрін өз мойнымызға алып, бітіріп берерміз, - деді. Ержан өзін: Асау бидің жиенімін, - деп таныстырды. Атақты би осы Төлегетай мен Қылышты қорымында жатыр. Ержанның апайы келіп, құрылыс басталардан бұрын осы жерге шырақшы отыратын баспана салып кеткен. Мен елпілдеген Ержан мен Асқарға: «Айналайындар, Алла сендерге мол жақсылық нәсіп етсін», - деп алғыс білдірдім. Бұл күн-

түні шабуылдаған біраз жұмысымыздың нәтижесі қылаң беріп қалған сәт еді. Сондықтан олардың ұсынысын қабыл ала алмадық.

- Ендеше, бізге тапсырма беріңіз, - деді алматылық әлгі бизнесмендер. Біз кесене құрылысының басына, 4,5 шақырым қашықтыққа электр желісін тартуымыз керек еді. Жігіттерге осыны айттым. Олар көп кідіртпей, электр желісін жүргізіп берді. Бүкіл облыс көлемінде қанша әулиелер қорымы мен мәдени ескерткіштер бар. Солардың арасынан ең бірінші болып Төлегетай мен Қылышты қорымына электр жарығы жетті. Ол кезде кесене әлі бой көтермеген.

Кейін кесене басына телефон байланысы да орнатылды. 2006 жылдың мамыр айында Жаңақорған шипажайында халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің демалып жатқанын естіп, дереу ардагер азамат Нұрділда Уәлиев екеуіміз жолға шықты. Қаһарманның жанында жазушы Талаптан Ахметжанов бар екен. Батырдың қолын алып, оған ала барған ауыл Батыр аға баба басынан қайтар жолда мәдени-тарихи ескерткіштеріміз қайта жаңғырып жатқанда Төлегетай сынды асыл бабамыздың жатқан жерінің елеусіздеу қалып келе жатқанына қынжылыс білдірді. Аяулы аға осы ойларын кейін баспасөз бетінде жариялады. Міне, осы дуалы ауыздан шыққан сөз елдің рухын оятқандай болды. Көптеген азамат осы сөз арқылы бой түзеп, өткенге сана көзін салды. Бұл - ақиқат. Сөйтіп, 2006 жылы жазда кесене құрылысы басталып кетті.

Ө дегеннен құрылыстың жүруіне белсенділік танытқан Мұхамедхан бауырымыз бақылық болып кеткенін айттым, оның орнына Сара өз меншігіндегі тас зауытын пайдаланып, бүкіл құрылысқа керекті тасты төгіп беріп тұрды. Ал шиеліліктер мен жаңақорғандықтар құрылыс салушыларды екі жыл бойы азық-түлікпен қамтамасыз етті. Міне, осылайша XV ғасырда іргесі қаланып, талай дау-ылды, жауынды жүзжылдықтардан бізге жеткен қос әулие кесенесі 1980 жылы бір жаңғыртылып, 2008 жылы замана талғамына лайық сәулетімен қайта бой тіктеді. Осы сауапты да жауапты жұмыстың бітуіне «Төлегетай» қоғамдық қорының бірде-бір тірек болғаны ақиқат. Үлкен істің кішкентай әңгімелері көп көрінеді. Біреуден жақсы ат алсақ, біреуге жақпағанымыз шын. Бірақ бұл біткен шаруаны ағайын арасындағы бас есеппен салыстыруға мүлдем келмейді. Сонымен, халық қолдауымен тағы бір сәулет ескерткіші өмірге келді. Жарықтанып, келбетімен көңілге нұр құйған Төлегетай мен Қылышты баба кешенінің ашылуына екі мыңнан аса адам жиылды. Бұл жиынға облыс басшыларынан бастап, еліміздің түкпір-түкпірінен белгілі кісілер қатысты. Жергілікті халық тоқтаусыз ағылып жатты.

Содан бері жыл сайын бабамыздың басына әр өңірден арнайы келіп ұрпақтары ас береді. Бабалар рухы қолдай берсін!

Олжабай САПАРБАЙҰЛЫ,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданының Құрметті азаматы
«Егемен Қазақстан» 10 қыркүйек, 2011 жыл.

Порядка 1500 операций по катаракте в рамках ОСМС

Всеми известная в области Жетісу глазная клиника «Коксу Мед» была основана в 2014 году. Здесь при помощи новейших оборудований мировых стандартов квалифицированные специалисты проводят точную и качественную диагностику глазных заболеваний. С 2017 года офтальмологическая помощь центра стала доступнее жителям региона, клиника заключила договор с фондом социального медицинского страхования для оказания услуг в рамках ОСМС. Директор клиники Газиза Джанакбаева в своем интервью рассказала какое лечение можно получить бесплатно и как предотвратить появления глазных заболеваний.

- Какие виды медицинских услуг предоставляет ваша клиника в рамках обязательного социального медицинского страхования?

- Будучи узкопрофильной клиникой основное направление нашей клиники – это офтальмология, то есть мы даем возможность нашим пациентам видеть мир в ярких красках, заботимся о здоровье глаз жителей региона. В рамках ОСМС наша клиника оказывает стационарную и стационарозамещающую медицинскую помощь при операциях по катаракте глаза,

лазерные операции, а также внутриглазное введение ингибиторов ангиогенеза. Благодаря тому, что наша клиника оснащена передовым новейшим современным диагностическим оборудованием проводим ряд диагностических услуг, для пациентов, направленных в нашу клинику по направлениям поликлиник ПМСП города Талдыкорган и близлежащих центральных районных больниц.

- Можете рассказать о преимуществе системы ОСМС в оказании офтальмологических услуг населению?

- С приходом в нашу жизнь системы ОСМС для населения конечно же открылись двери во всех направлениях спектра медицинских услуг на бесплатной основе, что немаловажно и является основным приоритетом – это «тяжелая» диагностика, дорогостоящие операции, клиничко-диагностические услуги, стоматологическая помощь, выбор не только профильного врача, медицинской организации ПМСП, но и выбор любой клиники для лечения внутри Республики Казахстан. В нашей клинике в рамках ОСМС ежегодно проводится порядка 1500 операций по катаракте, как для городского

населения по стационарозамещающей медицинской помощи, так и для сельского населения с предоставлением круглосуточного стационара. Мы предоставляем качественную медицинскую помощь, о чем говорят положительные отзывы наших пациентов и желание многих пройти лечение именно в нашей клинике «Коксу Мед».

- Куда надо обращаться, чтобы получить в рамках ОСМС лечение в вашем центре?

- Маршрут пациента в данном случае достаточно прост – необходимо обратиться в медицинскую организацию, оказывающую ПМСП по месту прикрепления к ВОП-врачу и получить направление по медицинским показаниям в нашу клинику на консультацию офтальмолога, либо оказываемую в рамках ОСМС диагностику.

- С какими глазными заболеваниями чаще всего сталкиваются жители области?

- Зачастую это возрастное население с запущенными случаями катаракты,



очень много пациентов с блефаритами и достаточно много жителей нашей области с глаукомами и конечно же болезнь века – синдром сухого глаза.

- Какие меры профилактики посоветуете населению для предотвращения глазных заболеваний?

- На первом месте конечно же профилактика, это – регулярное посещение врача офтальмолога один раз в год всем пациентам старше 40 лет. Также советуем в летний период носить солнцезащитные очки. Ввести себе в привычку капать препараты искусственной слезы всем, кто работает в офисе и часто ездит за рулем.

"Сынап төгілген үйде тұруға болмайды", "Сынапты қолмен ұстауға болмайды", "Сынап ауыр у" деген сөздерді естіп жатамыз. Әрқайсымыз қолға сынап термометрін алғанда оны сындырып алу-дан қорқамыз. Әр үйде болуға тиісті құралды сындырып алсаңыз не істеу керек?



Сынап термометрі сынса

Термометрдің ішіндегі сынап біздің көмекшіміз. Алайда термометр шағылған жағдайда сынап нағыз жауымызға айналады. Мұндай жағдай әркіммен де болуы мүмкін. Ортасына сынап құйылған шыны термометр өте нәзік бұйым. Егер абайсызда сынап термометрді шағып алсаңыз, біздің кеңестерімізді еске алыңыз. Оларды дұрыс орындасаңыз, сынаптан зиян болмайды. Ең біріншіден бөлмеден балалар мен үй жануарларын шығару керек. Терезелер мен есіктерді барынша ашып, бөлменің желденуін қамтамасыз етіңіз. Сынапты жинастырған кезде бөлмеге басқа ешкімнің кірмеуін қадағалаңыз. Сынапты жинау үшін сізге резеңке қолғап, қақпағы жақсы жабылатын металл не шыны банка, қағаз, кішкене жаққыш, қалақ пен медициналық алмұрт қажет болады. Мүмкін болса суға не ас содасының ерітіндісіне малынған маска киген дұрыс.

Осы заттарды дайындап келіп, резеңке қолғаптарды киіңіз. Мүмкін болса аяққа да полиэтилен пакетін немесе бахил киген дұрыс. Термометрдің үлкен сынықтарын асықпай, ақырын жинап, банкаға салыңыз. Жаққыш пен қалақ көмегімен қалған майда сынықтар мен үлкен сынап тамшыларын жи-

нап алыңыз. Кіші тамшыларды жаққышпен қағазға жинаған жөн. Сынап төгілген жерді мұқият қарап шығып, едендегі тесіктер, жиһаз бен басқа да заттардың шеттерінде сынап тамшылары қалып қоймағандығына көз жеткізіңіз. Оларды жинау үшін медициналық алмұртты қолданыңыз. Қалдықтарды металл банкасына жинаңыз. Барлық сынап жиналды дегенде ғана металл банканың қақпағын берік жауып, сынап төгілген жерді марганцовка ерітіндісімен немесе ас содасы мен сабын қосылған сумен сүртіп шығыңыз. Әрине, егер сынап тұзу еденнің бетіне төгілсе, оны жинау аса қиын болмайды. Алайда кілем не жиһаз бетіне шашылған жағдайда бұл қиын болуы мүмкін. Үлкен тамшыларды жинап, ал қалғанын шаңсорғыш көмегімен жинау немесе кілемді далаға шығарып қағу дұрыс емес. Мұндай жағдайда сынап буланып адамның өкпесіне кіріп кетуі мүмкін. Ал бұл өте қауіпті.

Жинап алған банкаңызды қоқысқа лақтырмаңыз, бұл өзгелердің денсаулығына және қоршаған ортаға

жаман әсер етуі мүмкін.

Сынаптың қандай зияны бар?

Сынап – нөлдік температурадан жоғары кезде буланатын қауіпті элемент. Үйде төгілген сынап буланып, қауіпті бола алатындығы сондықтан. Осындай бөлмеде 2-2,5 сағат болғаннан кейін адам сынап буымен уланады. Тамағыңыз бен ішіңіз ауырып, өзіңізді әлсіз сезінесіз, құсқыңыз келіп, ауыз сөлі көбейеді. Кейбіреулер аузында металлдың дәмін сезеді. Сондай-ақ, сынаптың кішкене тамшысын байқамастан жұтып қоюыңыз да мүмкін. Сынап жүйке жүйесі мен бүйректерге зақымын тигізеді. Сынаппен уланған жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгінген жөн. Келесіде өзіңізге электронды термометр сатып алғаныңыз жөн. Алайда қазіргі таңда сынап термометрі ең дәл өлшейтін түрі болып қала береді.

Д.ОРДАБАЕВ,
Сарқан аудандық СЗББ-ның жетекші маманы.

Жімі ішек инфекциясы

Жімі ішек инфекциясы дегеніміз – асқазан-ішекке бактериялар мен вирустардың түсуінен, асқазан-ішек жолдарының зақымдануымен жүретін жұқпалы аурулар тобы. Инфекция қоздырғыштары адамға алиментарлы, ауыз-нәзік жолымен және жеке бас гигиена талаптарын сақтамаған жағдайда жұғады. Жұқпалы ішек аурулары әсіресе жаз айларында өршиді.

Аурудың негізгі себептері:

- үй жағдайында дайындалған тағамдарды сақтау және дайындау технологияларының бұзылуынан;
- дайын және шикі азық-түліктерді дұрыс сақталмауынан;
- жеке бас тазалығының сақталмауынан;
- ашық су көздеріне шомылу арқылы, қайнатылмаған су тұтынудан пайда болады.

Ішек жұқпасының негізгі клиникалық белгілері: іші ауырып, жүрегі айнып, құсады, іші желденіп, жиі өтеді, дене қызуы көтеріледі, сондай-ақ жалпы әлсіздік басып, тәбеті төмендейді.

Аталған инфекциялық аурудың алдын алу үшін:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен жуу;
- тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
- жеміс-жидектер мен көкөністерді жуып пайдалану;
- сақтау мерзімі өтіп кеткен және тез бұзылатын тағамдарды (сүт өнімдері, салаттар) пайдаланбау қажет.

Есте сақтаңыздар! Жай ғана ішектің қалыпты жұмысының бұзылуынан пайда болып басталған ауру, өте қауіпті асқынуларға (қатты қан кетуге, ағзаның сусыздануына, тіпті өлім-жітімге де) әкеліп соқтыруы мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері біліне бастағаннан-ақ, бірден медициналық көмекке жүгініңіздер!

Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Берлітөбе топырағы менің қаламымды ұштаған құтты мекен. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ 10-сыныпта Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің сырттай дайындық бөлімінен дәріс алдым. Ерте күзде тиісті сомасын аударған соң оқу орнынан тапсырмалар пакетпен келіп жатады. Олар ережеге сай орындалып, пошта арқылы адресатқа жіберіледі. Осылайша азды-көпті дайындығым бар деп барған КазГУ-ге емтихан тапсырып, конкурстан өтпей қалдым да, ауылға келіп құрылысқа жұмысқа тұрдым.

Аудандық газетке қабылдануыма кездейсоқ жағдай әсер етті. Мен оқыған Ақтоғай станциясындағы №250 орта мектепте директор болып, Берлітөбе ауданы құрылғаннан оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүрген Мұқатай Иманбаев ауылға келген бір сапарында маған редакцияда істеуге кеңес берді. Жауапкершілігі мол қызметтерді атқара жүріп «Сен енді оқушысың», «Жолда», «Сұлу», «Жеткіншектер», «Бетбұрыс» атты кітаптары жарық көрген СССР Жазушылар одағының мүшесі Мұқатай ағамыздың кеңесі өмірлік жолымды айқындады.

1976 жылы мектеп қабырғасынан бастап тығыз байланыс орнаған аудандық «Балқаш өңірі» газетіне қызметке шақырылды. Редакторымыз Асхат Ибрагимов сол жылдың күзінде Көксу ауданына қызметке ауысты да жауапты орынға талдықорғандық журналист Есбол Қуанышев отырды.

Ес-ағаң талапшыл, мінезі жылдам адам екен. Ол газеттің оперативтілігін арттырды, хабар жанрын жүйелі пайдалану арқылы аудан тынысын жан-жақты қамтуға мүмкіндік тапты. Бар-жоғы 4 жыл қызмет атқарғанда газет сапасын жақсартып, редакцияға дербес үй алып берді. Бірақ мінезінің шапшаңдығы өзгеге тұрмақ редакция ұжымына ұнамады, үстінен жоғарғы органдарға арыздар жолданып жатты.

Редакцияда қызмет атқарған журналистер, техникалық қызметкерлер ел есінде қалды. Редактордың орынбасарлары Асылбек Әлсеров, Борис Чепцов, Тілеуке Бекбосынов, журналистер Гая Бекбосынова, Татьяна Михайлова, Тоқтар Байтілеуов, Болат Жұматаев, Омар Бәкіров, Тұрлыхан Кәрім, Төлеухан Аязбаев, Күләш Байтілеуова, Бақыт Абдрахманова, Қуат Қайранбаев, Рахат Ысқақова, фототілшілер Виктор Ардашов, Қайырхан Индикеев және басқалар оқырмандардың есінде болар. Аптасына 3 мәрте Берлітөбе аудандық «Балқаш өңірі - Прибалхашье» газетін (қазақша 3, орысша 3 басылымды) мерзімінде шығарып отыратын аудандық баспахана ұжымын айтпай кетуге болмайды. Баспахана

Туған ілдің ілеуқоры

Жомарт ИГИМАН

директоры Бельц Федор Константинович баспахана техникаларын өзі жөндеп, қатарға қосатын. Күн-түн демей аудандық партия комитетінің басылымын кешіктірмейтін лино-типскалар Берікболова Нүриле, Тілеулинова Дина, Алешкина Люда және Алиева Қарлығаш бастаған беттеуші қыздардың еңбегі арқасында оқырмандар газеттерін уақытында алатын.

1980 жылы «Балқаш өңірі» редакторлығына Болатхан Ахметов келді. Бұған дейін партия орындарында лауазымды қызмет атқарған Бөкең ұжымды бірден баурап алды. Ол жылдары КазГУ-дің студенті болсам да редактордың ақылымен жазғы үш ай демалысты үйренген газетімде өткеріп жүрдім. Сол кезден бастап Болатхан аға ұстазыма айналды, білгенін үйретіп, аудан жылнамасын жазуға құшындырды. 1985 жылы

«Қазақ тілі» қоры ай сайын, күн сайын қалың қауымның жанашырлығымен үстемеленіп, толығып, қоғамдық шараларды атқаруға кеңінен жол ашылды. Өнегелі әже, үлгілі отбасы, келін сыны, қыз сыны, жігіт сұлтаны байқаулары өз өрісін кеңейтті, мемлекеттік тіл қолданысына өріс ашылды. Балабақшалар ұлттық тілде тәрбие беріп, бұған дейін тек орыс тілінде білім беріп келген К.Ушинский атындағы орта мектеп сыныптарының жартысына жуығы қысқа мерзімде қазақшаға көшті. Осы істің басы-қасында сабырлы әрі шешімді басшы Болатхан Ахметұлы жүрді.

Ахметов Болатхан Ахметұлы 1935 жылы Берлітөбе ауданының Көктерек елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Ахмет Манабекұлы заман ағымын түсінген, көзі ашық адам болыпты. Жаңа үкіметті жанымен қалап қарсы алған азаматтың қатарластарынан мойны озық болғандықтан «Халық жауы» атанып, 1935 жылы ұсталады да, 1945 жылы соғыс біткен соң ауылға



ды қызмет баспалдақтарынан өтіп, абырой асқарын биіктете түседі.

Берлітөбе ауданында 1989 жылы құрылған «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш төрағасы Болатхан Ахметұлы болды. Қоғамдық жұмысты өзінің қызметтік міндетімен ұштастыра атқарған ол Берлітөбенің мемлекеттік тілін қалыптастырудың негізін қалады. Әулие Көтен тәуіп Қоңырбайұлы туралы көптеген деректерді жинастыра жүріп, осы тақырыпқа қалам тартып жүрген жазушы, журналистердің еңбектерін топтастырып «Киелі тәуіп» атты кітап шығарды. Берлітөбе ауданының өнегелі өткенін архив деректерімен айшықтап «Алпыс асу» атты кітап жазды. Қызметте де, қаламгерлік ізденістерінде де туған елінің, туған жерінің тұғырлы тұлғаларын асқақтатып, қалам қуатымен, адамгершілік қалыбымен ел еңсесінің биіктеуіне үлес қосты.

1997 жылы Берлітөбе ауданы тарап, Сарқан ауданы іріленгенде Бөкең балаларының қызмет бабымен аудан орталығына қоныс аударды. Мұнда да сергектігін жоғалтпаған қазына ағамыз қоғамдық жұмыстардан бас тартқан жоқ. Ежелден жанына жақын «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып сайланып, мемлекеттік тілдің мәртебесіне сай қолданылуына біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетін жұмсады.

Уақыт ұшқыр. Өмірден өтсе де, көзден кетсе де көңілден өшпеген Болатхан ағаны көз көргендер ұмытпайды. Өзінен тараған балаларынан өрбіген немерелері атасы мен Айтжамал апасының мәңгілік қонысына жиі ат ізін салып, құран бағыштауды ұмытпайды. Ат тұяғын тай басады, бұл өмір заңы.

Суретте: 1985 жыл. «Балқаш өңірі» газетінің 50 жылдығы қарсаңындағы лездеме.

Оңнан солға қарай: Б.Ахметов, Т.Бекбосынов, Б.Чепцов, Ж.Игіманов, С.Сапаров, К.Байтілеуова, К.Қайырбекова.



«Балқаш өңірі» газетінің 50 жылдығын атап өтерде бізді Алматыға архивке іссапарға жіберді, өзі де тынымсыз ізденді, көптеген тұлғалар туралы толымды мағлұматтар алдық.

1989 жыл. Мемлекеттік тіліміз заңмен бекітіліп, еңсеміз көтеріліп қалған кез. Талдықорған облыстық саси-ағарту үйінде қазақ тілі жанашырлары құрылтайда бас қосып, облыстық «Қазақ тілі» қоғамын құрдық. Қоғамның алғашқы төрағасы болып бірауыздан ұлт мүддесі жолындағы белсенділігімен көпке танымал қаламгер Камал Абдрахманов сайланды.

Құрылтай барысында осындай құрылымдарды аудандарда құру ұсынылып, Берлітөбе аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағалығына «Балқаш өңірі» газетінің редакторы Болатхан аға Ахметовтың кандидатурасы аталды да, мен төраға орынбасары болып бекітілдім. Төраға жұмысты қоғамдық негізде атқарса, төраға орынбасары үшін арнайы штат ашылып, бірыңғай тіл саясатын жандандыруға білек сыбана кірістік. Сол кездегі аудандық партия комитетінің ғимаратынан арнайы бөлме берілді.

оралады.

Болатхан Ахметұлы Ақсу ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті тәмамдап, Лепсідегі педагогикалық училищені бітірген. Еңбек жолын Көктерек орта мектебінде мұғалім болып бастаған ол әскери борышын өтеп келген соң үйленіп, аудандық сотта хатшы қызметін атқарады. Балқаш жағалауындағы Көпбірлік орта мектебінде ұстаздық жолын жалғастыра жүріп Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебіне жолдама алады. Жоғары білім алып келіп Андреев ауданының шаруашылықтарында парторг болып, ондаған жылдарын саяси қызметке жұмсайды. 1973 жылы Берлітөбе ауданы бірнеше жылғы үзілістен соң шаңырағын қайта көтергенде жергілікті мамандар қатарында іскерлігімен танылған Болатхан Ахметұлы жаңа ауданның жауапты қызметтеріне ұсынылады. Аудандық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аудандық «Балқаш өңірі» газетінің редакторы, аудандық баспахананың директоры, аудандық мәслихаттың хатшысы сын-

Шығармашылықтан бөлек күнделік жазуды 1980 жылдың 10 қарашасында қолға алыпты. Жазғандағы мақсат – бұл өз тарихым, өз өре қисыным.

Бір данышпан айтыпты: «Баспасөздің бет бейнесін айта қойсаң, мен қоғамыңның бет бейнесін біле қоямын» деп... Сол айтпақшы, бұнда баяндалатын оқиғалардың негізі біссімілөсін «Лениншіл жас» газетінен бастап (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» мен «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет істеген жылдар қамтылып, сондағы ойға түйгендерді қағаз бетіне түсірдім.

Негізі, бұл жазбаның тақырыбы «Анекдотпен аяқталатын күнделік» деп тұрғандықтан, жазылу барысындағы әр күнгі оқиға баяндалып біте сала, сатирик болғандықтан сөзімді сол күнгі оқиғаға сәл қиысатын анекдотпен түйіндеп отырдым.

Автор.

3 сәуір, 1982 жыл

«Лениншіл жас» газетінде секретариатта қызмет атқаратын кезім. 29 наурыз, дүйсенбі күні ертеңгілік макет көрсетіп, газеттің редакторы Сейдахмет Бердіқұловтың бөлмесінде тұрғанбыз. Бастық менің бетіме бедірейе қарап: «Сен, бала, шпиондық жұмысты қашан қоясың!» – дегені... Денемнен тоқ жүріп өткендей дір ете қалдым.

...Редактордың «сен, бала, шпиондықты қой» дегеніне орынбасары Ержұман Смайылов: «Біз де ұрсып жатырмыз», – деп қалды. Мұндайда «құйрығым қылп ете қалды» деуші ме еді... Шыққан бетте жігіттер де: «Не бүлдіріп едің, шпиондығың не», – деп дүрліктіріп барады.

Содан есеңгіреп отыр едім, 11-ге таман секретарша Гүлайна келіп «редакторға» дегенде ілбіп басып, әрең-ләрең бардым ау... Тұнжырап бәсекеңе кірсем, Сейдахмет аға маған: «Қазақ әдебиеті» газетінің бастығы Шерхан Мұртазаевқа барып келші, сенімен сөйлесетін сөзі бар көрінеді», – демесі бар ма!.. Төбем көкке бір елі жетпей қалды... Ұшып отырып, Жазушылар одағының ішінде орналасқан «Қазақ әдебиеті» газетіне жеттім. Бас редактор Шерхан Мұртаза аз маз сұраған болып, менің келте қайырған жауабымнан соң: «Ал бала, қызметке қабылдайық, қабілетіңді көрсет», – деп, бірден орынбасары Әбіраш Жәмішевті, жауапты хатшы Қоғабай Сәрсекеевті шақырып таныстырды. Сөйтіп, ертесінде «Қазақ әдебиеті» газетінің беттеуіне түстім де кеттім.

...Айтпақшы, «Лениншіл жас» газетінде Ержұманның бөлмесінде аз маз менімен қоштасу жиылысы өткен сияқты болды. Өтеген, Әділқазы, Несіп пен Қасым сөйлеп, тілектестік білдірді. Сыртта жігіттер де қоршап алып, сәттілік тіледі.

...Өзімнің діттеген жеріме келдім енді тек аянбай әрекет, ерінбей жұмыс істеу керек. Мұндағы әр қызметкер мүйізі қарағайдай әдебиеттің беткеұстары.

* Анекдот.

Бастық анекдот айтып еді, қарамағындағылар әйда қыран-топан



Анекдотпен

аяқталатын күнделік

Берік САДЫР

күлкіге батсын. Тек біреуі ғана езу тартпады. Одан:

– Саған не болды, күлмедің ғой? – деп еді:

– Мен ертеңнен бастап бұл жұмыстан боспын, – деді.

15 мамыр, 1982 жыл

...Бүгінгі түстен кейін болған летучкада Бекен Ыбырайымов пен Әлия Бөпежанова: «Макетте бірізділік басымы, кірпіш секілді қаланып қалған», – деп секретариатқа сын айтты. Мүмкін жалпы макетке жауапты Қайырбектің жоқтығын пайдаланып отырған болар. Бізде материалдардың тақалғанда қолға тиетінін, олардың жоспарлағаннан бөлекше болып келетінін, оригиналдардағы қателердің өріп жүретінін айтып, ақталған болып едік. Бастық Шерағаң: «Осы газетке жаны ауыратын адам – Берік. Оның шырылдайтынының жаны бар...», – деп алып, бар қызметкерлерін бір сығып алды.

* Анекдот.

Қаламақы алып тұрған бір топ ақын бірінен-бірі дәмепіп, ұзақ қалжыңдасады. Қауіп бұлты өзіне жақындап қалғанын іштей сезе қойған Қайрат Жұмағалиев бар салмақты Қадыр Мырзалиев ағасына аудара салғысы келіп:

–Қадекең тұрғанда, менен дәмекендерің қызық екен! Бұл кісі теңіз де, мен сол теңіз жағасындағы кішкене ғана құдық емеспін бе? – дейді мүләйімісін.

– Мәселе, міне, сонда! – дейді Қадыр Мырзалиев әңгімені қағып әкетіп. – Теңіз болғаныңнан не пайда?! Оның суын ешкім ішпейді. Керісінше, теңізге шығатындардың өзі алыс сапарға ауыз-суын осындай құдықтардан алады.

23 мамыр, 1982 жыл

Жұмадағы летучкада Бас редактор Шерхан тарапынан көңілге қонымды үш сөз шықты. Біріншісі – «Мен де аң таң, апам да аң таң» мақалының шешуін айтып риза етті. Содан соң осы нөмірдегі нашар әңгіменің берілу себебін айта келіп: «Қажығалидың көз жасы мұртына тамшылап болмаған соң бердік», – деп төтесінен тартты. Үшіншісі – «Беріктің де шашы шығар бұйраланып...» дегені.

...Шақырған соң бөлмесіне кіре қалып едім, Шерхан Мұртазаев телефонмен Ғабит Мүсіреповке есеп беріп жатыр. «Ғаба, денсаулығыңыз

жақсы ма? Біз де аман-есен, ілгері ентелеп кетуге шама жоқ, кібіртктеп кейін де қалуға тағы болмайды...» дегені түйсігі бар адамға біраз нәрсені аңғартады... Шәкеңнің осындай сөзі ұнайды. Кертіп үзеді, кесіп тоқетерін бір-ақ айтады. Әділдікті ұнатады. Өз жұмысыңды жақсы білсең, сенде жұмысы жоқ. Жүзін беріп жымимайды, редакция қызметкерлеріне жүзін салқын ұстайды...

* Анекдот.

Ақын Тоқаш Бердияров «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртазаның есігін кеңірек ашып қарап тұрады екен де, кірмей есікті жауып кетіп қала береді екен.

Бірде Шерағаң Тоқашқа жолығып қалғанда:

– Оу, Тоқа, есікті ашасың, бірақ кірмейсің? – дегенде, Тоқаш:

– Қайдан кірейін, қашан көрсем төрде мыжырайып милиция құсап отырғаның, – деген екен...

14 маусым, 1982 жыл

...Бірде ақын Жүмекен Нәжімеденов «Ара» журналында қызмет істеп жүргенінде бір совхозға командировкамен барса керек. Сонда совхоз директоры ренжіп отырып: «Осы сіздер анық арасыздар, уларыңыз адам өлтірерлік, шағасыздар да кетесіздер... Ал мұндағылардың мүшкіл халін бір ойласаңдар еді», – деп мұңын шаға әзілдегенде Жүмекең: «Ара тек шағу үшін емес, бал жинау үшін де шығады ғой...», – деп тәуір айтқан көрінеді...

Белгілі жазушы, танымал тәржімашы Кеңес Юсуповтың Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романын аударып, ол туралы баспасөзде жылы-жылы пікірлер айтылып жатқан кез еді.

Бірде «Жұлдыз» журналында істейтін Кеңес Юсуповтың бөлмесінде Асқар Сүлейменов бастаған бір топ қаламгерлер әңгіме-дүкен құрып отырады. Гу-гу әңгіменің үстіне келген Кеңес ағамыз өзінің жұмыс үстелінде отырғандарды мазаламай, әңгімеге құлақ түріп, босағада тұра берсе керек.

– Сіз кімге келіп едіңіз? – деп иек қағады Асекең Кеңес Юсуповқа.

Асекең мен Кеңес Юсуповтың бұрын таныс емес екенін білген жігіттер:

– Оу, Асеке, бұл дегеніңіз «Жүз жылдық жалғыздықты» аударған

Кеңес Юсупов қой, ол осы журналдың қызметкері, – деп таныстыра бастаса керек.

Өз-өзінен қыздай қысылып, қызарған жүзін жылы жымиысы көмкерген Кеңеске сынай бір қараған Асекең:

– О, сіз екенсіз ғой... Маркесті аудару дегенің сексендегі шалдың он сегізіндегі қызға үйленгеніндей азапты жұмыс қой, – деп ризашылықпен Кеңес Юсуповпен танысып, қолын қысса керек...

9 тамыз, 1982 жыл

Осекеңе бардым. Бұл барысым – менің әңгімелеріме жазған жолашарын алып қайту еді. Жазып қойыпты. Сондағысы:

«Бала кезімде бір жырау қарияның өлеңін естіп едім. Былай дейді:

Сәлем берген ініні «жаным»

десе болады,

Шөлдеп ішкен сусынды

«балым» десе болады,

Инабатты қыздарды «сәнім»

десе болады,

Ерін күткен әйелді «ханым»

десе болады.

Сол қария айтқандай, сәлемін күткен, қағазын күткен, қаламын күткен, қалжыңбасын күткен, қазағын күткен қалжыңбас балаға ризамын!

Баланың мұрты бар, баяғы барымташыларға ұқсайтын тұрқы бар, Нарынқол деген жұрты бар, сықақшы болатын сұрқы бар. Болсын!

Жоғарыдағы қарияның сөзіндей, қаламын, қағазын қатты күтетін бала екен. Қағазың да, қаламың да Құлагердей жүйрік болсын! Құлагер секілді алдыңнан «ағаларың» шықпасын. Айтқаным келсін! Әңгімелері сөзімнің соңында.

Ғажап шыққан. «Лениншіл жасқа» әңгімеммен ұсынатын болдым. Осағаң газеттің бастығы Сейдахмет Бердіқұловқа өзі апарып табыстайтын болды.

«Қаламгерге» жүріңіз деп едім: «Онда барсақ, бассалады», – деп бармай қойғаны жанға жағады, үйдегі жеңгеден қаймығатын сияқты. Ақшаның жоқтығы... Әйтпесе, осындай ағаны керегінше риза ету мына біздің міндетіміз емес пе.

* Анекдот.

«Қаламгер» кафесінде Асқар Сүлейменов, Жарасқан Әбдірашев, Дүйсенбек Қанатбаев үшеуі кофе ішіп, өзара әңгімелесіп отырса, бір жақтан Оспанхан Әубәкіров келіп қалыпты. Өзі әжептәуір қызулау екен.

– Асқар, сен кофеге көшкенсің бе? – депті Осекең тамырдан тартып сөйлеп.

– Кешіріңіз, – депті Асқар, – талтүсте де адам танымайтын болғансыз ба? Мен Асқар емеспін, Зейнолла Серікқалиев деген сыпайы сыншымын.

Осекең бірдеңе айтқысы келіп:

– Ей, Жарасқан! – дей берген екен, ол да сөзін бастырмалатып:

– Кешіріңіз, – депті, – мен Жарасқан емес, Шәмшібай Сариевпін.

Аң-таң болып, айыға бастаған Осекең:

– Дүйсенбек! – дей бергенде, Асқар айтыпты:

– Сіз немене, әркімді әркіммен шатастырып? Бұл кісі Дүйсенбек Қанатбаев емес, Сәкен Иманасов.

Сонда Осекең:

– Сірә, мен Сағи Жиенбаев шығармын, – деп бұрыла бергенде, үшеуінің ішек-сілесі қатып:

– Ойбай, Осеке! Келіңіз, тағы да танысайық! – депті.

Разъяснения механизма обращения граждан и юридических лиц в органы прокуратуры за защитой прав, а также порядка обжалования ответов

Обращения в органы прокуратуры подаются следующими способами:

- нарочно;
- посредством почтовой связи;
- посредством Портала электронного Правительства (при подписании электронной цифровой подписью);
- посредством информационной системы «e-otinish».

В связи с этим для регистрации и рассмотрения обращения необходимо подать его органы прокуратуры одним из вышеуказанных способов. Порядок рассмотрения обращений в органах прокуратуры предусмотрено статьей 24 Конституционного закона РК «О прокуратуре», в частности: - для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, если они в силу физиологических особенностей, психических отклонений и иных обстоятельств не могут самостоятельно осуществлять защиту своих прав, несовершеннолетних лиц, а также неограниченного круга лиц; - для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, общества или государства, если защита этих интересов должным образом не обеспечивается уполномоченным органом, к компетенции которого отнесены соответствующие полномочия, либо в случаях отсутствия такого органа; - для защиты и восстановления прав и законных интересов субъектов частного предпринимательства по фактам вмешательства в их деятельность со стороны государственных, местных представительных и исполнительных органов, органов местного самоуправления, учреждений, их должностных лиц, иных организаций независимо от форм собственности; - в целях предотвращения угрозы конституционному строю и национальной безопасности Республики Казахстан; - по фактам нарушения законности, не устранение которых влечет причинение вреда жизни и здоровью человека; - по поручениям Президента Республики Казахстан; - по поручениям Генерального Прокурора.

Срок рассмотрения обращения составляет 15 рабочих дней.

В случае установление фактических обстоятельств, для правильного разрешения обращения, получение информации из других государственных органов, учреждений, организаций независимо от форм собственности, срок рассмотрения обращения может быть продлен мотивированным решением руководителя органа прокуратуры либо его заместителя на разумный срок, но не более чем до 2-х месяцев. О продлении срока рассмотрения обращения сообщается заявителю в течение трех рабочих дней со дня продления срока.

Действия (бездействие) и акты прокурора могут быть обжалованы вышестоящему прокурору либо в суд в случаях и порядке, которые установлены настоящим Конституционным законом и иными законами Республики Казахстан.

Суд либо вышестоящий прокурор до вынесения решения по жалобе на акты прокурора или его действия вправе приостановить их исполнение.

Вышестоящий прокурор по жалобе физических и (или) юридических лиц либо по своей инициативе может отменить, отозвать, приостановить или изменить акты нижестоящего прокурора.

Т.МОЛДАХАНОВ,
начальник отдела и контроля за обращениями ДКПС и СУ ГП РК по области Жетісу, советник юстиции.

Абайлаңыз, интернет алаяқтар!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-84, Текелі – 6, Ақсу – 2, Алакөл – 9, Ескелді – 8, Кербұлақ – 6, Көксу – 1, Қаратал – 4, Панфилов – 1, Сарқан – 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «Egov-KzBot» Telegram-бот көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МAB) тіркелу қажет. Бұл үшін egov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Интернет-алаықтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИИМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИИМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз.



Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

А.БЕКЕЕВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығының орынбасары, аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал

арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

А.БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

Жаз айларында өрт жағдайы күрделене түседі. Әдетте, осы кезеңде құрғақ шөпті, қоқысты рұқсатсыз жағу салдарынан, көбінесе орман өрттері пайда болады.

Осы кезеңде ашық отты жағуға және қоқысты өртеуге, сондай-ақ кез келген өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Өткен жылы құрғақ шөпті жағу жер үшін пайдалы, оны күлмен ұрықтандырады деген жалған пікір бар, сондықтан көптеген азаматтар арнайы шөп жағуды ұйымдастырады.

Шын мәнінде, мұның пайдасы жоқ: шөпті жағу кезінде көптеген пайдалы микроорганизмдер өледі, ал құрғақ шөпте көрінбейтін жас шөп өліп кетуі мүмкін, сонымен қатар құрғақ шөп өрті ғимараттарға оңай жетеді. Орман өрттері жанып жатқан шөптен басталады: ағаштар, жануарлар өледі, құстардың ұялары күйіп кетеді.

Ешбір жағдайда жол бермеңіз:

- құрғақ шөп жағуды;
- қоқысты бақылаусыз жағу;
- темекі шегу кезінде абай болыңыз:

Өрттің алдын алу

сөндірілмеген темекі шегу немесе сіріңке құрғақ шөптің жануына оңай әкеледі.

Үйде немесе саяжайда:

— әрқашан өртті сөндіруге арналған құрал-жабдықтар дайын болуы тиіс: Шелек, күрек, су құйылған бөшке, құм салынған жәшік;

— құрғақ шөпті тырмамен жинау керек, оны қоқыспен бірге су қоймасының жанында орнатылған темір бөшкеде немесе ғимараттардан алыс жерде өртеуге болады;

— қатты желден сақ болыңыз.

Қоқысты өртеген кезде, тіпті темір бөшкеде де, Ұшқын кездейсоқ ғимараттардың жағына ұшпауы үшін желдің бағытын ескеріңіз.

Табиғатта қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шығу кезінде алдынала от жағу орны ғимараттардан алыс және жақын жерде өрт шығуы мүмкін

ештеңе болмайтынына көз жеткізу керек. Барбекюді ағаштардың тәждерінің астына және құрғақ инелер мен жапырақтармен жабылған жерге жағуға болмайды. Көмірді жағу үшін сұйықтықты дереу жауып, алыс қойыңыз.

Егер сіз өртті байқасаңыз, дереу «101» немесе «112» телефоны бойынша (ұялы телефоннан) өрт сөндіру қызметін шақырыңыз, содан кейін барынша сақтық сақтай отырып, қолда бар құралдармен жануды оқшаулауға кірісіңіз. Егер өрт еңсерілмеген жағдайда на істеу қажет?

Дереу өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалыңыз. Шақыруда өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіп туралы нақты ақпарат болуы тиіс. Өрі қарай нақтылау үшін өз атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз.

Өртті сөндіру үшін барлық қол жетімді әдістерді – құм, су, жамылғы, киім, өрт сөндіргіштерді және т. б. пайдалана отырып, өртке тез әрекет ету қажет.

Егер жалынды сөндіру мүмкін болмаса, адамдарды құтқарғаннан кейін газ баллондарын, автомобильдерді, барлық тез тұтанатын материалдарды алып тастау керек. Жанып жатқан бөлмелерді ашып, мүмкіндігінше мұқият болу керек, өйткені оттегінің жаңа түсімі жалынды күшейте алады. Егер түтін болса, бетіңізді жауып, еңкейіп, жылжыңыз, қажет болса, киімді сумен сулап, басын дымқыл сүлгімен жабыңыз. Егер адамның киімі жанса, оған жүгіруге жол бермеңіз. Ондай жағдайда адамды орап тастап су құйып тастаңыз. Ешқандай жағдайда, егер киім күйіп кетсе, күйіп кеткенді шешпеңіз, дененің зардап шеккен бөліктерін таза шүберекпен жауып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Өрттің себебі көбінесе адамның бейқамдығы, ұқыпсыздық және өрт қауіпсіздігі ережелерін елемей болып табылатынын есте сақтаңыз. Оттың барлық қауіптілігін түсіндіре отырып, балаларға ерекше назар аудару қажет.

Е. ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Көліктегі апат кезіндегі іс-әрекеттер

Көліктің көптеген түрлері бар (автомобиль, теңіз көлігі және т. б.), бірақ олардың ішінде ең көп қолданатын автомобиль және темір жол көлігі, бұл көліктер жоғары жылдамдықпен, әмбебаптықпен, көліктің басқа түрлері жоқ аудандарға жүктерді жеткізуімен ерекше болып табылады.

Соңғы уақытта көліктегі апаттар жиі кездесуде. Автомобиль көлігіндегі апаттың негізгі себебі:

- Жол қозғалысы ережелерін бұзу.
- Жылдамдықты арттыру.
- Жүргізушінің әлсіз дайындығы.
- Мас күйінде басқару.
- Көлік құралының ақаулығы.

Автомобиль көлігіндегі апат кезіндегі іс-әрекеттер:

- Апат туралы полицияға хабарлаңыз. Қажет болған жағдайда "жедел жәрдем", өрт сөндірушілерді, құтқарушыларды шақырыңыз;
- Егер зардап шегуші болса, оны машинадан шығарыңыз. Алғашқы медициналық көмекті көрсетіңіз. Автокөлік дәрі қобдишасын пайдаланып қан кетуді тоқтатыңыз;
- Автокөлік жанған кезде жүргізушіге хабарлаңыз. Жанып жатқан салоннан шығыңыз.
- Автомобиль суға құлаған кезде ауаны жеңілге салыңыз. Су салонды толтырғанда және деңгейден асқан кезде, есікті болмаса терезені ашып немесе сындырып су бетіне шығуға болады;

Темір жол көлігіндегі авариялар мен апаттардың негізгі себептері:

- Рельстерден шығу;
- Жылжымалы құрамның соқтығысуы;
- Жолдың, сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құралдарының ақаулықтары;
- Машинистердің салғырттығы;
- Вагондардағы өрттер;

Темір жол көлігіндегі авариялар кезіндегі әрекеттер:

- Зақымданған вагондардан адамдарды шығаруға көмектесіңіз;
- Темір жол диспетчеріне хабар етіңіз;
- Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету және емдеу мекемелеріне апару қажет;
- Өрт шыққан жағдайда өрт ошағынан қауіпсіз қашықтыққа кетіңіз;

А.ДҮЙСЕНБАЙ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Есіңізде болсын, өртті сөндіруден гөрі оның алдын алу оңайырақ. Сарқан ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі бұған қол жеткізу үшін күнделікті негізгі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігін еске салады. Отпен жұмыс істегенде әрқашан сақ болыңыз. Жанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты қолданбаңыз, төсек-орындарда, шаруашылық сарайларда, қоймаларда және жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шегуге болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін сіріңке сақтайтын қауіпсіз орын табыңыз. Есіңізде болсын: ересектерге еліктейтін балалар көбінесе өрттің кінәлілері болып табылады және көбінесе өрттің құрбаны болады. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыз. Газ және электр тұрмыстық техникасы (үтік, теледидар, магнитофон және т.б.) тұрақты бақылауды және жақсы жағдайды қажет етеді. Арнайы отқа төзімді стендтерге электр үтіктері мен электр шәйнектерін қойыңыз. Өрттің алдын алу үшін оларды қосулы күйінде қараусыз қалдырмаңыз және балалардың оны пайдалануына жол бермеңіз.

Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды

Үйдегі өрт қауіпсіздігі ережелері



пайдаланыңыз. Электрлік панельдерде қолдан жасалған сақтандырғыштарды – «қателерді» пайдалану қауіпті. Баспалдақ алаңдарында, дәліздерде және шатырларда қойма бөлмелерін орналастырмаңыз. Кез келген заттарды, жиһазды немесе басқа жанғыш материалдарды баспалдақтардың астында немесе шатырларда сақтамаңыз. Мұздатылған су құбырларын немесе

жылыту жүйелерін жылыту үшін ашық отты пайдаланбаңыз. Осы мақсаттар үшін ыстық суды, буды немесе қыздырылған құмды пайдаланыңыз.

Ә.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Соблюдайте правила при купании



Купание на водоемах разрешено только на официальных оборудованных пляжах, отвечающих требованиям безопасности.

- оставление детей без присмотра взрослых;
- купание в необорудованных местах;
- несоблюдение мер безопасности на воде.

Но, несмотря на это, каждый год многие люди пренебрегают мерами безопасности и продолжают купаться в необорудованных местах, тем самым подвергая свою жизнь смертельной опасности.

Независимо от вида водоёма необходимо знать и обязательно соблюдать правила поведения и меры безопасности на воде:

1. Нельзя купаться в нетрезвом виде, под воздействием алкоголя люди часто переоценивают свои силы, а также совершают неосторожные поступки в отношении других любителей поплавать, что зачастую приводит к плачевным последствиям.

2. Нельзя кататься на водном транспорте (лодки, гидроциклы, лыжи и т.д.) вблизи места купания людей, так как это может привести к травматизму.

3. Нельзя купаться в запрещенных местах.

4. Категорически запрещается плавать вблизи причалов и пирсов, а также подплывать к судам.

5. Запрещается прыгать в воду в незнакомых местах; проводить игры в воде, связанные с захватом; заплывать за буйки и ограждения.

6. Опасно нырять в местах неизвестной глубины, так как можно удариться головой о песок, глину, сломать себе шейные позвонки, потерять сознание и погибнуть. Не менее опасно прыгать головой в воду с плотов, пристаней и других плавучих сооружений, под водой могут быть сваи, рельсы, камни и пр., нырять можно только там, где имеется достаточная глубина, прозрачная вода, ровное дно.

7. Не оставляйте детей на берегу водоёма без присмотра взрослых, умеющих плавать и оказывать первую помощь.

А.ДҮЙСЕНБАЙ,

старший инженер ОЧС Сарканского района, лейтенант гражданской защиты.

-Рәш Шәріпбайқызы! Сарқан ауданында ғалым онколог дәрігер келді деп естиміз. Газет оқырмандарына өзіңіз жөнінде толыққанды айтып берсеңіз...

-Денсаулық сақтау саласының дамуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында. Себебі денсаулық сақтау – мемлекет көп көңіл бөлетін әлеуметтік саланың бірі. Кейінгі жылдары салада көптеген реформа іске асты. Осы саланы жастайымыздан қалап, адамдардың денсаулығын сақтауды басты мұрат тұтқан маман ретінде өркенді өзгерістерге шынайы қуана білемін.

«Уақыт – таразы» дейді үлкендер. Бұл сөздің шындығына көзіміз жетті, өткен өміріңдегі ұсақ-түйектер ұмытылады да елеулілері ашылып, айқындала түседі екен. Адам бұл өмірде мамандық таңдауда адаспауы керек дейді. Мен мамандығыма шынайы ынтызарлықпен, аңсар пейілмен келген адаммын.

Аты-жөнім – Рәш Шәріпбайқызы Шалбаева. Атақ-дәрежем – медицина ғылымдарының докторы, профессор. 1960 жылы қаңтардың 21-інде Талдықорған облысы, Киров ауданы, Ленин колхозында дүниеге келіппін. Менің ата қонысым қазір Көксу ауданына қарасты Мәмбет ауылы деп аталады.

Ата-анамның менің қабілетімді тануының нәтижесінде 6 жасымда мектеп табалдырығын аттап, 16 жасымда 1966-1976 жылдары 10 жылдық мектепті үздік аяқтадым. Біз ол кезде жаңалыққа, жақсылыққа ұмтылып, алдымыздағы танымал тұлғаларға еліктеп, соларға қарап бой түзеп өстік. Мектептегі мұғалімдеріміз де, анамыз да елден, ауылдан шығып, білім, ғылым, тағы басқа салаларда жетістікке жеткен аға-апаларымызды заманның қаһарманы, батырлар жырының ғажайып кейіпкерлеріндей аңыз қылып айтып, мадақтап отыратын.

Мамандығыма деген сүйспеншілігімнің сырын айтайын. 1969 жылы әкем 65 жасында қатты ауырып қайтыс болды. Сол кезде 9 жастамын. «Шіркін, дәрігер болсам, мен үшін ардақты әкетайымды ажалдан арашалап қалар едім» деген ой көкейімде тұрды.

Шешемнің аты Бижамал, әкем қайтқан соң 7 баланы өсіріп-жеткіземін деп қара жұмыстың қандайынан да бас тартпады. Әкем қайтқанда үйдің тұңғышы Анарбек әскер қатарынан келді, екінші ұл Базарбек Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында оқып жүрген, болашақ суретші болатын. Ділдаш үлкендердің, ата-әжесінің қолында тәрбиеленгендіктен бізден бөлектеу өсті. Күләш, Алдабек, мен және Жанарбек жалғыз анамыздың тапқанына қарап қалдық.

Әке қайтқан соң, әрине, тұрмысымыз қиындады. Анамның қасында жүріп, ауыртпалығын бөлісуге тырыстық. 10 жасқа еркін толмай жатып мен де жазғы каникулда қырманда жұмыс жасадым. Қолдан келер шаруаның ешқайсысынан да қалыс қалған жоқпын. Нәтижесінде мектепке барар кезде киім-кешегімді, кітап-қаламымды өзім қамдап алатынмын.

Ауылда 4-сыныпқа дейін орысша оқыдым да жоғарғы сыныптарды қазақша оқып бітірдім. «Сенетің кімің бар, өзіңе ғана сен» деп шешеміз бізді сүйрелеп жүріп жеткізді ғой.

Мектепті жақсы бітірдім. Дәрігер болсам деген арман жетегімнен алдымен Талдықорған қаласындағы медициналық училищеге түстім. Оқуға деген зеректігімнің пайдасын



Басты қасиетім ⇒ жауапкершілік

өзім ғана емес, құрбыларым да көрді. Қашан да айналама көмектесуге дайын тұратынмын. Орыс тілінен жетік болуымның арқасында тек орыс тілінде өтетін дәрістерді құрбыларыма жалықпай түсіндіремін. Фельдшерлік факультетті бітіріп, Кербұлақ аудандық ауруханасында кәсіби жолымды бастадым. 1980 жылдан бастап Талдықорған облыстық ауруханасында медбике болып қызметімді жалғастырдым.

«Үлкен болып қалу үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға» деп Мұхтар Шаханов жазғандай көкейімдегі үлкен арманым мені алға жетеледі. Жыл сайын Алматы медициналық институтына талапкер болып барамын. Жыл сайын бір-ер балым жетпей, маңдайым тасқа тиіп үйге ораламын. Бірақ бетім қайтып, мақсатымнан айнып көрген жоқпын, қалай болғанда да жоғарғы оқу орнын бітіріп, халқыма пайдамды тигізсем деген ойдың жетегінде болдым.

«Ауған соғысына барып, парызыңды өтеп келсең институтқа конкурстан тыс қабылданасың» деген құрбыларымның кеңесін естіген соң Ауғанстанға баратындардың сапында әскери комиссариатқа тіркелдім. Медбике болып майдан даласындағыларға көмектессем деген өтінішім бірден қолдау таппады. Сондағы погонды ағалар ұрыс даласында қыршынынан қиылмасын деген оймен өрімдей жас қызды біле тұрып, лаулаған өрттің ішіне жіберуге қимаған болар. Бір күні әскери комиссариаттағылар халық толқуы болып жатқан Польшаға жіберуге шешім қабылдапты. Сонымен Солтүстік жауынгерлік құрамда лазаретте прапорщик болып Польшада 3 жыл қызмет өткеріп қайттым. Алайда осындай өрт ошақтарына барған жауынгерлер конкурстан тыс қабылданады деген ереже мен 1985 жылы қарашада елге оралғанша күшін жойып үлгеріпті.

Бір-ер жыл Оралдағы әпкемнің қолында ауруханада медбике болып қызмет атқарып, 1988 жылы Алматы қаласына келіп тағы да АГМИ-ға түсе алмай Қазақтың онкология және

радиология ғылыми институтының жансақтау бөліміне медбике болып қызметке орналастым. 1989 жылы армандаған оқуымның дайындық курсына түстім. Келер жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының студенті атанып, емдеу факультетінде оқыдым.

Жоғарғы оқу орнын бітірген соң 1996 жылы Қазақтың республикалық онкология және радиология институтына 2 жылдық клиникалық ординатураға түстім. Оқудан соң 3 айдан кейін ота жасау жауапкершілігін мойныма алып, науқастарды дерттен арылтуға маңдай теріммен үлес қостым. Ағайым телефонмен хабарласқанда мені академик деп атағанды жақсы көретін. Мақтан үшін емес, сол кісінің сенімі үшін ғылым жолына шынайы бет бұрдым. Әйел құрсағындағы қатерлі ісікті жою бағытында кандидаттық диссертациям 2002 жылы медицина ғылымдары арасында қолдау тауып, сәтті қорғадым. Ізденісімді ілгерілетіп жүріп осы бағытта қаншама әйел-аналарды ауыр дерттен сауықтыруға үлесімді қостым. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2010 жылы «Медицина үздігі» төсбелгісімен марапатталдым.

Докторлық диссертациям да қатерлі ісік дертінен арылту жолдарына арналды. Ұзақ жылғы еңбегім нәтижелі болып, 2018 жылы Қырғыз-Ресей университетінде докторлық диссертация қорғадым. Осы жылы Ресей Диссертация кеңесінің бұйрығымен профессор атағын алдым. 2019 жылы Алматы аумақтық онкология диспансері директорының орынбасары болып тағайындалып, 2021 жылы «Халық алғысы» мемлекеттік медаліне лайық болып танылдым.

2005-2022 жылдары С.Асфендияров атындағы медицина университетінде дәріс бердім, сонымен бірге медициналық Қазақ-Ресей университетінің кафедра-сында сабақ бердім. Медицина ғылымының докторы, профессор Рәш Шәріпбайқызының шәкірттеріміз

дейтін жас ғалымдар соңымнан ілесіп келеді. 100-дей ғылыми-зерттеу еңбектерім, 1 монографиям жарық көрді. Ғылыми бағыттағы 4 патентім бар. Ташкент, Москва, Санкт-Петербург, Прага, Париж (ESGO), Мадрид, (ESMO) қалаларында зерттеп жүрген тақырыбым бойынша баяндама жасадым. Сонымен қатар қатерлі ісіктің диагностикасы және емдеуі бойынша ғылыми еңбек авторларының бірі болып табыламын. Ресейдің атақты ғалымдарының тізімінде 2019 жылы Медицина энциклопедиясының 15-томына өмірдерегім енді.

Жоғарыда айттым, дәрігер болуыма әкемнің тосыннан келген ажалы себепкер болса, ғылым жолына түсуіме ағатайымның телефон шалған сайын «Академик» деп атайтын жанашырлығы қозғаушы күш болды.

2022 жылы жеке өмірімде үлкен өзгеріс болды. Оқу, білім, ғылым деп жүріп тұрмыс құруға мұрсатым болмағаны белгілі. Осы жылы Қылышбай есімді жігітпен танысып,

екеуіміз бірігіп тұрмыс құрдық. Бүгінгі таңда Жетісу облысы, Сарқан ауданына қоныс теуіп, аудандық ауруханада онколог дәрігер қызметін атқарумен бірге мамандығым гинеколог болғандықтан гинекологиялық сырқаттарға байланысты ота жасап жүрмін. Менің біліміме, білігіме мұқтаж науқастарға «іздегенге – сұраған» болып табылып, уақытпен санаспай, орныма лайық болуды басты мақсат тұтып келемін.

Бауырларымның барлығы да әке аманатына адал болды, анамыздың маңдай терін ақтап, өмірден өз жолдарын тапты. Ағаларым Анарбек, Базарбек қазақ педагогикалық институтының түлектері, суретші. Күләш Алматы облыстық сотының судьясы болды. Ол «Үш би» белгісімен марапатталған өз саласының үздігі. Алдабек Шалбаев кезінде алғашқы болып Қонаев атамның рөлін сомдаған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі. Жанарбек архитектор.

Өзім еңбектің қадірін білетін отбасында тәрбиеленіп, адал еңбегіммен биік белестерге шыққанымды ата-анам рухының қолдап жүргендігі деп түсінемін. «Жақсы ат пен жақсы адам – көптікі» деген бар. Жүрген жеріне, туып-өскен халқына, ағайын-тумаға тонның ішкі бауындай жақын, өскен ортасына қадірі бар адамдардың сапында болсам - менің жанашырларымның сенімін ақтағандығым.

Медицинаның барлық дерлік бағыттары бойынша алда әлі аса маңызды міндеттер мен жоспарлар бар. Біздің әрқайсымызға артылған жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Түрлі қиындықтармен бетпе-бет келіп, адам жанын арашалаған қызметіміз еліміздің сапалық және сандық құрамын арттырса – мамандығымызға сай болғандығымыз.

-Мазмұнды әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбатты жүргізген
Ерсайын ТҰРСЫН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
университетінің студенті.**

ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Адам дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі. Электронды үкіметті дамыту, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру бойынша әр салада нақты жұмыстар атқарылуда. Ел Президенті жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығын ерекше атап көрсетіп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болады және

ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағытталуы тиіс. www.egov.kz веб-порталы арқылы әрбір қазақстандық тәуліктің кез-келген уақытында, еліміздің, тіпті әлемнің кез-келген нүктесінен өтініш бере алады, анықтама ала, салық немесе айыппұл төлей алады немесе қандай да бір қызметті қалай алуға болатыны туралы ауыл тұрғындарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады.

Порталда ұдайы түрде жылжымайтын мүлік, отбасы қатынастары, білім беру және инновациялар, мәдениет, жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, азаматтық, көлік, денсаулық, туризм және адамның өмір сүруі не қажетті салалар бойынша тақырыптық тарауларда ондаған электрондық қызмет түрлері пайда болып отырады.

Портал көмегі арқылы мемлекеттік органдарға жүгінуіне байланысты күнделікті мыңдаған мәселелерді шешуге

болады: зейнетақы аударымдары туралы жазба алу, коммуналдық қызметтерді төлеу, баланы бала-бақшаға кезекке қою және т.б.

«Электрондық үкімет» порталында қызмет алу басымдылықтарының қатарына уақыт үнемдеу, кезектің болмауын, мемлекеттік деректер базасына сұранымдар жасау есебінен қажетті құжаттар санының азаюын, әрі ең бастысы – барлық қызметтер онлайн, яғни кез келген уақытта қолжетімді екенін жатқызуға болады.

Бақалы ауылдық округі әкімі аппаратының мамандары (ЭЦҚ)-сы бар қызмет алушылар керекті анықтамаларды шығарып алу жолын білмейтіндерге үйреніп алуға көп септігін тигізуде.

Ұлан ЕРЛАНҰЛЫ,
Бақалы ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

•Музей

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Музей - кеше мен бүгіннің жалғасы. Тарих пен тағылым ордасы.

Ол - бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, өнерін, танымал тарихи тұлғаларын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған орталық. Сан ғасырлық тарихы бар, өткеннен сыр шертетін музей күні әлем бойынша 1977 жылдан бері мамыр айының 18 күні аталып өтеді.

Музей - әр елдің әдебиеті мен мәдениетінің жаңғыру жолында, ескіден мирас болып, қанына сіңген, тамырында бүлкілдеп жатқан

қасиеттерді, мәдени мұраны өскелең ұрпақтың санасына қалыптастырып келеді. Ұлттық рухымыздың бір тармағы ата-баба мұраларынан сыр шертетін, олардың қалдырған өнегесін кейінгі ұрпаққа танытар ол музейлер екені анық. Қазіргі таңда халықтың ұлттық санасы оянып, тарихи-мәдени мұраның бай дүниесінің ұмтылысының күн санап дамып жатқанын көріп отырмыз. Өткенге құрметпен қарап, бүгінгі күнді қадірлеп, келешектің қамын ойлау – көпшіліктің басты міндеті.

Жас ұрпақ дүние сырларын ақтара

отырып бүгінгі күннің көкейтесті сауалдарына жауап іздейді, қоғамның бұдан былайғы заңдарын түсінгісі келеді. Таным дүниесіне зейін қойып қарасақ музей өткен мен болашақты жалғастырушы түйін болып табылады. Өйткені, музей экспонаттары тарих негізі. Ол сонау ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолдарын айғақтайды. Олай болса, музейге тарихтың куәгері ретінде қарауымыз керек. Сондықтан да, бүгінгі күні әлем мемлекеттері арасында музей жоқ елді кездестіру мүмкін емес.

М. КАРИБЖАН,
Сарқан ауданының тарихы
музейінің меңгерушісі.

Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттік – "АНА ҮЙІ" ҚҚ бағыттарының бірі. Агенттіктің мақсаты - Қазақстандық қоғамда қабылдаушы отбасыларды кәсіби даярлау, сүйемелдеу және бала асырап алу мәдениетін дамыту.

Қазақстанның 20 қаласында кеңес беру кабинеттері жұмыс істейді.

Қор мамандары өз отбасыларына балалар үйлері мен жетімдер үйлерінен балаларды қабылдағысы келетін азаматтарға (отбасыларға) консультациялық көмек көрсетеді. Психологтар Қабылдаушы ата-аналар мектептерінде (бұдан әрі – ҚАМ) әлеуетті асырап алушыларды дайындайды, ҚАМ-да олар жас психологиясы туралы, асыранды баламен байланыс орнату және бүкіл отбасының жаңа өзгерістерге жұмсақ бейімделуі жайлы құнды білім алады.

Осындай жауапты қадамға бел буған азаматтардың барлығы Қабылдаушы ата-аналар мектебінен өтуі қажет.

ҚАМ мақсаты – ата-аналарды балалар үйінен баланы қабылдауға дайындау, барлық қажетті ақпаратты беру, дағдыларды үйрету, маңызды сұрақтарға жауап табуға көмектесу, өздерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну, қабылдаушы ата-ана болуға дайындығын түсіну.

ҚАМ өту барысында үміткерлер асырап алынған баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы түсінік алады; қабылдаушы ата-ана ретінде өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін түсінеді; отбасына қандай баланы қабылдай алатынын және қандай қабылдау түрі қолайлы екенін түсінеді.

Балаларды орналастыру сала-

1890 бала отбасын тапты



"бал айы" аяқталғаннан кейін, бұл әдетте бір, екі, үш айдан соң барлық отбасыларда "үйренісу" басталады. Осы кезде қабылдаушы отбасыларға қолдау мен көмек қажет. Біздің психологтар әр отбасына көмектесуге тырысады.

Бүгінгі таңда Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттіктің көмегімен қазақстандық отбасыларға 1890 бала орналастырылды (бұл цифра үнемі өсіп келеді)

2022 жылдың мамыр айынан бастап пилоттық жоба іске қосылды.

Пилоттық жоба – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі және даму ерекшеліктері бар балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауды жоспарлап отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын ынталандыруға және қолдауға бағытталған "АНА ҮЙІ" ҚҚ қайырымдылық бастамасы.

Жобаны 3 жыл ішінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қандай көмек көрсетеміз:

- Қабылдағаннан кейін балаларды оңалтушы дәрігерлердің тексеруінен өтуді ұйымдастырамыз

- Балалардың медициналық оңалтудан және (немесе) педагогикалық түзетуден өтуі үшін төлем жүргіземіз

- Балалардың ота еміне төлем жасаймыз (қажет болса)

- Қабылдаушы отбасыға консультациялық және ақпараттық көмек көрсетеміз.



Жан жадыратқан жазғы лагерь

Жан жадыратқан жазда жеткіншектердің жазғы демалысы мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру өте маңызды. Осы орайда Абай атындағы мектеп - гимназиясының «Айгөлек» жазғы демалыс лагері көптеген танымдық, тағылымдық, спорттық іс-шаралар ұйымдастырып өткізуде. Мысалы жуырда Сарқан аудандық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету залында кітапханашы А.Сабитованың мұрындық болуымен Абай атындағы мектеп - гимназиясының «Айгөлек» жазғы демалыс лагер оқушыларын қатыстыра отырып айтулы тұлға, қылқалам шебері Нағымбек Нұрмұхамедовқа 100 жыл толуына орай «Сурет менің өмірім» атты дөңгелек үстел өтті. Шара барысында А.Сабитова оқушыларды белгілі суретшінің өмірбаянымен қысқаша таныстырып өтіп, екі топқа бөлініп ойындар ойнатылып, балалар шығармашылық шабыттарын шыңдап, сурет салды.

Сондай-ақ мектеп жанындағы лагердің әрбір күні қызықты өтуіне барынша ат салысу-дамыз. Лагерьге демалуға келген балалар спорттық ойындар, байқаулар мен викторина-лар ойнап, би билеп аса жоғары көңіл - күймен күнді өткізді.

Балалардың жазғы демалысына орай оларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында мектептің жанындағы жазғы демалыс лагерінің демалушыларына экскурсия ұйымдастырылды. «Кітап әлеміне – жазғы саяхат» атты шара барысында балалар кітапхана тарихымен, онда қандай кітаптар мен мерзімді басылымдардың сақталатындығы туралы және кітапхананы пайдалану ережелерімен танысты. Оларға «Ертегілер елінде», «Әлем балалар әдебиетінің қазынасы», «Ең ақылды кітаптар» атты сериялармен шығатын ең қызықты деп танылған ертегілер, танымдық әдебиеттер, сонымен қатар балалардың сансыз сұрағына жауап беретін көркем суретті энциклопедиялар ұсынылды. Өткізілген шара оларды қатты қызықтырып, үлкен әсер қалдырып, көптеген балалар қызықты кітап әлеміне қайта келіп тұруға ниеттерін білдірді.

Сонымен қатар лагерь жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырып, жасөспірімдеріміздің уақытын көңілді әрі тиімді өткізген әріптестеріме атап айтқанда Ақбаев Әсет, Дюсембеков Нұрлан, Ноғайбаева Инкәр, Сейтмұратқызы Әсемгүл, Бақтыбай Эльвира, Жапарғалиева Дана, Мүшелдесова Анель сынды мұғалімдерге алғысымды білдіремін.

Жалпы каникулда балалар демалысын көңілді өткізу өте маңызды. Біздің мін-детіміз – жазғы демалысты жеткіншектердің бойы ғана емес, ойы да өсетіндей етіп ұйымдастыру. Басты мақсат – білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік мәдениетін дамытып, эстетикалық, патриоттық тәрбие беріп, елдің мәдени мұрасы мен отбасылық дәстүрін сақтауды дәріптеу, жеткіншектердің денсаулығын нығайтуға бар қабілет-қарымымызды, күшімізді жұмсаудамыз.

Альбина МУРАТБЕКОВА,
мектеп алдындағы жазғы алаң лагерінің жетекшісі,
Абай атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі.

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз», – дегендей, оқу жылы аяқталысымен, мектеп оқушылары жазғы лагерьлерге баруға асығады. Біздің Алмалы орта мектебінде маусым айында «Қарлығаш» жазғы демалыс лагері ашылып, жұмыс істеп, І кезеңі де өз мәресіне жетті. Аталған кезеңді қадағалауды бастауыш сынып мұғалімі Жамантаева Майра Мейрамхановнаға тапсырылды.

Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Ұлттық құндылыққа негізделген биылғы лагерьдің ерекшелігі киіз үйде өтуінде болды. Мектеп алаңына тігілген ақ шатырдай киіз үйдің ішін ұлттық құндылықтар толтырып безендірген мұғалімдер, оқушылардың танымдық көзқарасын, ұлттық бұйымдарға деген махаббаттарын оята білді.

«Бала күлкіге тоймас» дегендей, балаларды көңілді сергіту жаттығуымен күнде дәлізде мектеп психологы Мысапирова А.Қ күтіп алып, түрлі сергіту жаттығуларын жасатты. Тәрбиешілер Жумагелдинова А.Х, Кенжебаева Н.Ж мектеп алаңында таңғы жаттығуларын жасатты. Ақиметқанқызы Зәурен, Мухаметчатов А.Б және Таубаева А.Е «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы аясында түрлі тілдік жаттығулар мен танымдық ойындар ойнатып, оқушылардың ана тіліне және өзге тілдерге деген қызығушылықтарын оятты. «Көңілді әріптер», «Күштілер, батылдар» сайыстарына оқушылар

қызығушылықпен қатысып отырды. Әдеп туралы әңгіме, әсемдік жайлы мақал-мәтел жарыстарының да көңілді өткенін атап өткен жөн. Карипова Лаура апайымыз оқушыларға күніне бір ертегі оқып, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншіліктерін арттырды. Жайшыбаева А.К. оқушыларды еңбекке баулып, ұлттық оюларды қағаздан ойдырып, қазақ үй ішіндегі әдемі ою-өрнектеңің мән-мағынасын түсіндірді. Оқушылар демалып, жанын өнге, сылдыр күлкіге тойдырып, сергітіп билету жас маман Елубай Жігерге тапсырылды. Күніне әртүрлі билер билетіп, арасында биден жарыс та өткізді. Рысбеков А.Р «Жасыл алаң» тақырыбы аясында оқушыларды қоршаған ортаны қорғаумен қатар, экологиялық тәрбиеге баулыды. Балалардың демалысы қаншалықты көңілді өтіп жатқандығы жүздерінен көрініп тұрды. Себебі олардың саналы да сапалы демалуына барлық жағдайлар жасалған. Емін-еркін ойнауына арналған арнайы алаңдар, бөлмелер жабдықталған, демалушылар ойын-



сауық құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Аязбаев Бауыржан арқан тартыс, тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас сияқты

ТорIQ платформасын білім беруде қолдану

ТорIQ платформасы – бұл «Алматыкітап» баспасының цифрлық мектеп оқулықтарын, сондай-ақ дайын онлайн-тапсырмаларды қамтитын қосымша. Ол оқу процесін жеңілдететін және тиімді білім беру бағдарламаларын жасауға мүмкіндік беретін көптеген құралдар мен мүмкіндіктерді ұсынады. Бұл платформаны қолданып, әрбір сабақта оқушыларға сапалы материалдар мен тексерілген тапсырмаларды орында-та аласыздар.

Информатика сабағында мұғалім Адамбекова А.Д. ТорIQ платформасын жиі қолданады. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолданып платформадағы тапсырмаларды орындауға ұсынады. Оқушы орындаған тапсырманы автоматты түрде арнайы батырманы басып тексеру мүмкіндігі де қарастырылған, бұл мұғалімге де жақсы көмек. Жаңа сабақты түсіндіргенде де платформада берілген ақпаратты қолданады, бұл тиімді деп ойлаймын, себебі платформада ақпарат оқушыларға түсінікті және қызықты жазылған. Информатика сабағына жақсы дайындықпен барып асыға күтетін болдық! Жазғы демалыс уақытында да осы мұғалімнің ұсынысы бойынша ТорIQ платформасындағы көркем әдебиет кітаптарын оқып, білімімді жетілдіріп отырамын. Кішкентай бауырларыма платформадағы 3D ертегі кітаптарындағы бейне көріністерді көрсетіп отырып ертегілер оқып беремін. Бұл да балалардың кітап оқуға құштарлығын ашады деген ойдамын.

Қазіргі таңда мен өзім LEADER ТорIQ 2024 республикалық байқауына қатысып, өз мүмкіндіктерімді ашудамын. Заман талабына сай оқыту процесінде ТорIQ платформасы сияқты тренд платформаларды қолдану оқушылардың сабаққа деген құштарлығын ашып, қызығушылықтарын арттырады деп ойлаймын.

Құрметті достар! Мен сіздерді білім беруде жаңа технологияларды қолдануда көшбасшы болуға шақырамын! ТорIQ-мен топта бол!

Құралай БУЛАТ,
Ақын Сара атындағы орта мектеп 7Ө сынып оқушысы.



Біз лагерьге барамыз...

бірқатар спорттық іс-шаралар мен ойындар өткізді. Лагерь демалушыларына әртүрлі ойындар ойнатылып, көптеген жарыстар, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ сайыстары ұйымдастырылып тұрды. Бір мезгіл балдырғандар сурет салып, тақпақ жаттап, ән салады. Күн сайын жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, ертеңгіліктер, сайыстар өтеді. Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, балғындардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін, өнерлерін аямай жұмсауда. Лагерьде демалушы балғындар музыкалық, спорттық, шығармашылық және интеллектуалдық сайыстарға да белсене қатысты. Қайсысымен әңгімелессең де, жаз мезгілін жыл сайын асыға күтетінін, мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы көп дос табатынын, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтеретінін айтып, мәз-мейрам болысады. Осылайша әр күні мәнді де сәнді өткен «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!» тақырыбындағы «Қарлығаш» лагері оқушылардың көңілінен шықты.

3. АҚЫМЕТҚАНҚЫЗЫ, Алмалы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.



«Жанұя» отбасын қолдау орталығының қызметіне 7 мыңнан астам азамат жүгінген

Жанұя» әлеуметтік орталығы ашылғаннан бері қызметіне 7197-ге жуық азамат жүгінген. Ал 4090 адамға психологиялық көмек көрсетілді. Орталықтың негізгі міндеті халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін заңгерлік көмек көрсету, отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту, жұмысқа бейімдеу және қаржылық сауаттылығын арттыру. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығының Президенті Жанар Нұрмұханова мен «Жанұя» отбасын қолдау орталығының қызметкері Мадина Белгібаева айтып берді.

«Жанұя» әлеуметтік орталығы қиын өмірлік жағдайдағы отбасынан шыққан аналар үшін қала аумағындағы білікті педагогтарды тарта отырып, тегін массаж, компьютерлік сауаттылық, тігінші, шаштараз, аспаздық курстарын оқытып, сертификаттар табыстайды. Жалпы, орталық ашылғаннан бері 409 ана түрлі курстарда білім алған. Сонымен қатар, орталықта аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларына арналған 2-11 сынып оқушыларына ағылшын тілі курсы, 1-4 сынып оқушыларына қазақ тілі, орыс тілі мен математика пәндерінен қосымша сабақтары жүргізіледі», - деді Жанар Болатқызы.

Бүгінде елімізде қайырымдылық қорлары арқылы түрлі акция, іс-шаралар арқылы көмек көрсететіндердің саны артып келеді. Соның бірі «Харекет» қайырымдылық қоры. Бұл қор арқылы «Жанұя» орталығына жүгінген 9 адам бапаналы болған.

«Осы жылы «Жанұя» әлеуметтік орталығының атауы, «Жанұя» отбасын қолдау орталығы болып өзгерді. Алайда, атауы өзгергенмен, ұсынылатын қызметтер мен жұмысы сол күйде.

«Жанұя» отбасын қолдау орталығы «бір терезе» қағидаты бойынша қала тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді біріктіріп, отбасылар мен жеке жұмыс жүргізеді. Аталмыш мекеме талдықорғандық отбасыларға заңгерлік, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетеді», - деп қорытындылады Мадина Белгібаева.

Күзде адам папилломавирусына қарсы вакцинация басталады



2024 жылы адам папилломавирусына қарсы вакцина Ұлттық вакцинация күнтізбесіне енгізілді. Бұл аурудан қорғаудың тиімді әдісі. Екпені Жетісу облысындағы 11-14 жасар 6000-ға жуық қыз балаға егу жоспарлануда. Шара осы жылдың күзінде басталмақ. Бұл туралы Жетісу облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жанета Нұрманбетова, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Күнбасова және облыстық көпсалалы клиника директорының орынбасары Гүлайым Оразбекова БАҚ өкілдерімен кездесуде баяндады.

«Еліміздегі жыл сайын осы жатыр мойны обырының жаңа жағдайы тіркеліп отырады. Дүниежүзі бойынша бұл қатерлі ісік бойынша Қазақстан 5-ші орында тұр. Ал өлім бойынша күнделікті, статистикаға сүйенсек, республикамызда күнделікті бұл дерттен 2 әйел көз жұмады», - деді Жанета Нариманқызы.

-Адам папилломавирусы жыныстық қатынас, тұрмыстық байланыс, терінің зақымдануы арқылы таралады. Сондай-ақ, адамның папилломавирусы эпидемия кезінде дененің бір аймағынан екіншісіне көшеді. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарда моншалар, спорт залдары, бассейндерге барғанда жеке гигиенаны сақтау керек. Жатыр мойны обырын емдеудің негізгі әдістері хирургиялық, сәулелік және химиотерапия. Бұл вирус түрлі ауруларға, бедеулікке әкелуі мүмкін. Вакцинаның арқасында ауруды жоюға болады, - дейді мамандар.

«Денсаулық сақтау министрлігі АҚШ-та жасалған 4-валентті «Гардасил» вакцинасын сатып алуды жоспарлап отыр. Вакцинация 2 кезеңде ата-аналардың келісімімен жүргізіледі, 2-ші доза 6 айдан кейін салынады. Ең тиімді қорғаныс вакцинация. Оны жүзеге асырған мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеді», - дейді Индира Күнбасова.

Облыстық көпсалалы клиника директоры орынбасарының айтуынша, осы жылдың 1 тоқсанының дерегі бойынша қатерлі ісікпен диспансерлік есепте 7000-нан астам пациент тұр. Олардың ішінде жатыр мойны обыры бойынша 557 әйел тіркелген.

Декларация тапсырмаған азаматтар айыппұл төлейді

Облыс орталығында жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі жүріп жатыр. Оған жыл басынан бері мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайлары қатысуда. Басты мақсат – әділ салық салуды қамтамасыз ету, жеке тұлғалардың кірісін бақылау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Бұл туралы Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Сапар Шайкенов Өңірлік коммуникациялар қызметінде бөлісті.

Жалпы есепте жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, көлік құралдары, арнайы техникалар,

шетелдік банк есепшотындағы сақталған қаражат көрсетілуі керек. Облыстық Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, 3-ші кезеңде 75 000 тұлға декларациялаудан өтеді деп жоспарлануда. Ал тапсырмаған жандарға айыппұл салынбақ.

«Декларацияны 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсыруға болады. Атап айтсақ, «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Каспий банк, Halyk, Bank CenterCredit мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Сондай-ақ азаматтар құжатты қағаз нұсқада пошта арқылы немесе өздері барып ұсынуға құқылы», - деді департа-

мент басшысының орынбасары.

Декларацияны ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бірінші рет ескерту, ал екінші рет салық салушылар ұсынбағаны үшін 15 АЕК, бұдан басқа, салық салу объектілерін жасыру кезінде төленбеген салықтар сомасының екі жүз пайызы мөлшерінде және егер мұндай құқық бұзушылық қайталанса, үш жүз пайыз мөлшерінде айыппұл салу көзделген.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі заманғы мемлекеттердің өмірінде орын алып, ауқымы жылдан-жылға құлаш жайып келе жатқан кесел. Қай елді алсаңыз да, ондағы әрбір партияның саяси бағдарламасының бір тармағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне арналған.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей өкінішке орай біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Ең қиыны — бұл кесел билікке деген халық сенімін күйретеді, шын мәніне келгенде биліктің еркін, демократиялық қоғам құру жолындағы күллі шешімдерін жоққа шығарады. Егер, осы мәселені кешенді түрде шешуге бет бұрмасақ, оны

жалпыұлттық міндет - баршамыздың және жеке әрқайсымыздың міндетіміз деп қабылдамасақ, заңдар сол қалпында қағаз жүзінде қала береді.

Елімізде сыбайлас жемқорлық көріністері - параалу, бюджет қаражатын ұрлау, қызметтік жағдайын асыра және жеке басының мақсаттарына пайдалану болып табылады. Мұның өзіндік қоректік ортасы – «көлеңкелі экономика» болып отыр. Сонымен қатар, мемлекетке миллиондаған сомадағы зиянды қызметтік жағдайын асыра пайдаланған лауазымды адамдар да келтіреді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың

негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Мемлекеттік биліктің тиімділігін арттыру мақсатында құқық қорғау органдары мен сот билігіндегі, соның ішінде, сот шешімдерін орындау сатысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше бағыт болып отыр. Сот төрелігі саласында заңдылықты қамтамасыз ету – аса маңызды міндет.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық еткен жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жиында «Жемқорлықтың тамырына балта шаппаса, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін» айтқан болатын. Бұл дертпен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып күресуге шақырып, биліктің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының жеті негізгі шарасын атап өткен болатын. Мәселені шешудің сыбайлас жемқорлық сипатындағы үлгісінің келешегі жоқ екеніне әрі мұның болашақта да тиімді болмайтынына азаматтар сенімді болуы керек. Мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіргенде ғана осы құбылысқа қарсы күресе аламыз.

Ж.ЕЛЮБАЕВА,
Сарқан ауданының статистика бөлімінің жетекші маманы.

Дала данасының даралызы

Қазақ халқының атақты ардагер ұлдарының басынан өткерген тағдыр талайы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық сабақ қалса, қарапайым елден шыққан азаматтарымыздың ешкімге ұқсамайтын өмір іздері кейде ескерусіз қалатыны өкінішті жайт. Өйтпесе, еліне елеулі, халқына қалаулы, талай жылғы еңбегін қоғам өміріне арнаған Болатбек ағадай адамның бір өмірінің өзінде тек кейінгі ұрпаққа ғана емес, танымайтын қаймана қазаққа үлгі боларлық тіршілік іздері сайрап жатса, қалай ғана шаттанбассың!

Кейінгі ұрпағына өзінен жетерлік ғибрат айтса болғаны да, бірақ осы еңбектен Абайша айтқанда: «Біреу үлгі аларлық сөз тапса, жақсы, ал-маса, сөз өзімдікі...» дегендей. Сол тұрғыдан келсек, өзінің жас шағынан бастап, ешкімге жалтақтамай, біреуге именіп қол созбай «табан ақы, маңдай терімен» мал тауып, әке-шеше борышын абыроймен ақтап, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, еліне қадірі артқан, бүгінде басы бурыл тартып, желкен керіп жетпістен асқан ел ағасының айтары да берері де мол шағы.

«Майжауғыр» (Базила) анасы: «Сен басқа балалардай емес, теріс туғансың, мінезің шамкес, басыңнан сөз асырмайтын, қадалған жеріңнен қан алатын, қияпар қиын боласың!» дегеніне қарағанда, мінезіндегі ешкімге ұқсамайтын болмысы арқылы өз дегенін іске асырған адамға қызыға қарамасқа лаж жоқ. Бала кезде «біреудің үйінде тұрып, білімге құмартқан жастың», «сұраушының кім берер сүйген асын?» күйін кешкен баланың болашақта білім жолына түсіп, биікке жетер мүмкіндігі



бола тұра, ата-бабасының кәсібіне ойысқаны ұтылғаны ма, әлде ұтқаны ма?!

Уақыт өте келе артында қанша жыл өткенін де байқамапты. Екі жыл әскер қатары, одан кейінгі уақыт өз дегенін салып, еңбегі еленіп, омырауына түрлі дәрежедегі орден-медаль тақты. Үлкен дәрежелі адамдармен жүздесті, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болды. Ел арман еткен шетелге де барды. Балалы-шағалы болды. Бәрі де жоғары білімді маман болды. Елі мен жұрты өтпелі кезеңде көрген тауқыметті ол да басынан өткерді. Жекеленіп, жеке шаруа да құрды. Құда-құдандалы болды, немере сүйді. Енді адамға қандай бақыт керек?!

«Көппен көрген ұлы той» демекші, ешкімге қиянат жасамаса да

іштарлықтың, кереалмаушылықтың, жақсылық пен ұлылықтың, ақ пен қараның бәрін көрсе де, бала күнінде қой бағып жүрген кезіндегі әдетіне басып, философиялық түйін жасайтыны да ерекше сүйсінерлік: «Ендігі мақсат - ел іргесінің тыныштығын, жұрттың амандығын, жас ұрпақ болашағының жарқын болуын тілеп, ортасында жүру» деген қағиданы ұстанып отыр.

Иә, Болатбек аға Талдыхан жеңгемізбен бала-шағаңыздың қызығын көріп, қол ұстасып, ұзақ, бақытты ғұмыр кешіңіздер!

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының докторы.

•Ғибрат

Үш өсиет

Ілгеріде өте ақылды әрі дана бір патша өмір сүріпті. Ол ажалы жақындап, өмірден өтетініне көзі жеткен шағында балалары мен уәзірлеріне мынадай үш өсиет қалдырыпты:

1. Мені жерлеуге алып шыққанда денемді қабір басына дейін тек дәрігерлерім ғана көтеріп апарсын;

2. Денемді алып шыққанда мына жатқан жерімнен көріме дейін алтын-күміс теңгелер шашып отырыңдар;

3. Екі қолымды кебіннен шығарып, салбыратып, ашылған күйде қалдырыңдар.

Патша өсиетін мұқият тыңдаған бас уәзір оған барлық өтініштерінің орындалатынын жеткізіп, олардың мәнін түсіндіруін өтінеді. Сонда патша терең күрсініп: «Осы күндері бір нәрсеге көзім толық жетуде. Артымда қалғандарға соны сабақ ретінде қалдырып кеткім келеді!

Бірінші өсиетім - адамға өлім нақты келетін болса, тіпті қасындағы мықты дәрігерлердің өзі одан құтқарып қала алмайтынын әрі өмір мен денсаулық ешбір адамның қолында емес екенін түсіндіру еді.

Екіншісі - мал-дүние жинап шаршаған уақыттарымыз бекерге кеткен екен, сүйіп өткен алтын-күмісімізге дейін артымызда шашылып қалады екен деген шындықты ұғындыру.

Үшіншісі - өмірге келгенде қолымыз бос болып еді, кетіп бара жатқанда да дәл солай бос күйі аттанады деген ақиқатты еске салу" деген екен.

УАҚЫТ

Қадірін біреуі ұғып, бірі ұқпаған,
Біреуге - Күн, біреуді жылытпаған.
Уақыт деген бақыт-ау жарқыраған,
Өзен бе екен, тоқтамай, сарқыраған?!
Аялдамай бұл уақыт барады өтіп,
Біреулер мез, ал бірін жаралы етіп.
Қадірін түсінейік бұл уақыттың,
Ол, бәлкім, тұтқасы ма

шын бақыттың?!

Сағынышты уақытпен жуа алмадым,
Қанатында уақыттың - қуанғаным.
Жылағаны, жанымның жайнағаны,
Бәрі де ертең сағымға айналады.

САРҚАНЫМ

Тауларың бар таласатын көкпенен,
Сенде туған дара дарын көптеген.
Далаң да ыстық, жерде жатқан
тасың да,
Сен жайлы жыр жалғасады ғасырға.
Өр өзенім- сарқыраған Сарқаным,
Туған жердің ыстық маған әр таңы.
Сенде жүрсем арайланым жан-жағым,
Аспаныңмен астасады арманым.
Туған жерім, жұмақ бағым, мекенім,
Жырларыма сені қосып өтемін.
Сенен сезіп, елім бақыт бағасын,
Өрбір таңың қуаныш боп тарасын.

АРНАУ

(Ақын Сара мектебіме)

Арнадым бүгін өлең өздеріңе,
Жетіппіз бұндай күнге бізде міне.
Ескен желдей өтіпті, 11 жылымыз
Таңбадай естеліктер қалды өзіңде.
Мектепке келген күнім әлі есімде,
Ұстаздар алдымыздан шыққан кезде.
Сыныптас құрбы-құрдас,

достарыммен,
Таныскам мектептегі ұстазбен де.
Отбасы - адалдық пен алғыс бағы,
Қос жүректің сүйеуі, жан құштары.
Балапандай көрушеді бізді өмірде,
Ұядан тұрмыз міне бізде ұшқалы.
Ардақтаймыз ұстазды мына тұрған,
Анамдай ақыл айтып білім құйған.
Дәнектей боп мектепке келіп едік,
Алдарыңда ұл-қыздарың өсіп қалған.
Қайтейін қимаймын мен мектебімді,
Таң сәріден көрушек көкте күнді.
Міне, енді кеткелі тұрмыз бізде,
Міне, бүгін қоштасар кез де келді.
Алғыс айтам тұғырлы ұстаздарға.
Алғыс айтам жарқыраған достарыма
Ал енді қош бол деймін мектебіме,
Ақжол тілеп қояйын жақындарға.

Аяла БАҚЫТНҰР.

Хабарландыру/Объявление

Жоғары сападағы пескоблоктар, бағасы 210 теңге.
Пескоблоки отличного качества, цена за ед. 210 т.
Обращаться тел. 8778 2662929.

Выезд
в регионы

РЕМОНТ

Холодильников, Морозильников.

С выездом на дом

ОБРАЩАТЬСЯ СОТ.
87714608727.

...Жарамсыз деп танылсын

•Хамзин Ерлік Хамза-ұлының атына ҚР ІІМ-нен 18.09.2014 жылы 026053657 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Бекмурзин Евгений Мэлсовичтің атына ҚР ІІМ-нен 19.12.2023 жылы 055219639 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.